Қос театр көлікті болды
2-бет

Қазақ баспасөзінің қайқы қылышы
4-бет

Азаттық тағылымы: Абайдың көзімен
5-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, **16 ЖЕЛТОҚСАН**, 2023 ЖЫЛ **№141 (23 317)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Қасиетті Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік – халқымыздың басты байлығы. Ол ғасырлар бойы біздің ата-бабаларымыздың жарқын арманы болып, ұлттық идеяға айналды. 1991 жылы 16 желтоқсанда халқымыздың аңсаған арманы орындалып, еліміз егемен мемлекет атанды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда адамның құқықтары мен бостандықтары басты демократиялық құндылықтарымызға айналды. Тәуелсіздік күні біздің бірлігімізді, тұтастығымызды айшықтайтын маңызы ерекше күн. Тәуелсіздік қоғамдағы барлық өзгерістер мен реформалардың негізіне айналды. Сонымен бірге, ол біздің алдымызға мемлекеттілігімізді нығайтуға бағытталған маңызды мақсаттар мен міндеттерді қояды.

Жылдан жылға біз азаматтарымыздың әл-ауқатын жоспарлы түрде арттырып, әлеуметтік маңызы бар нысандарды балабақшалар, мектептер мен ауруханаларды салып, шағын және орта бизнесті, өндірісті дамытып жатырмыз. Мұның барлығы біздің Тәуелсіздігіміздің арқасында жасалуда. Тәуелсіздік – қоғамды бірлестіріп, оның дамуына ықпал ететін, алға қойған мақсаттарға жетуге үндейтін ұлы күш.

Құрметті тұрғындар!

Біз барлықтарыңызды осынау ұлы мерекемен құттықтай отырып, сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық және өркендеу тілейміз. Еліміздің береке – бірлігі нығайып, Тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

● САРАПТАМА

Бостандық жолы: Тәуелсіздіктен бүгінге дейін

Қазақ деген қасиетті халықтың Азаттық жолындағы арпалысы талай ғасырды ұзатыпты. Бар болу үшін де батырлық қажет! Әр нәрсенің өз уағы болады. Өзіңіз қалағандай өмір сүруге итермелейтін бір тылсым күш тәуелсіздіктің ақ-зер таңына ұластырды. Енді Сіз бен біз бодаусыз болған бостан жолымызды өз қолымызбен жазу үстіндеміз. Алмасты көмірге емес, көмірді алмасқа қалай айналдыра алдық?! Аямай сусаған жайдары шағымызға қалай келдік? «Болсаң бол, болмасаң жоқ бол» деген тасбауыр жаһан талабына қылар ендігі қайранымыз қайсы? Айтайық.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Азаттық айшықтары

Саясат сахнасында. «Менің ойымша, Қазақстаннан көп елге үйренерлік мысалдар бар. Бұл елде әлемдегі әртүрлі ұлт өкілдері бейбіт өмір сүреді. Тіпті, Қазақстан халқы Ассамблеясы да жұмыс істейді. Бұл батыс әлемі үшін де Қазақстан бүгінде кез келген елдің одақтасы бола алатын өңірдегі санаулы елдердің қатарында екенін мойындаған маңызды», – деп пікір қосты Нью-Йорк штаты Ассамблеясының экс-депутаты Алек Брук-Красный.

Қазақстан саяси мінберде, өңірлік әрі әртарапты әлемдік аренада мәмілегер ретінде маңызды рөл атқарады. Сөзіміз дәйекті болуы үшін бірнеше аспектіге тоқталмасқа болмас. Бір тарының қауызына сыйып кеткен алмағайып кезеңдерде Қазақстан халықаралық жанжалдарды бейбіт жолмен шешуде белсенгер тарабынан бір миллиметр ауытқыған емес.

Ядролық қарусыздану. Қазақстан Семей ядролық полигонын жабу жолымен Тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің ядролық арсеналынан бас тарту туралы сындарлы шешімі дүние дипломаттарын мойындатып, тәнті етті. Содан бері Қазақстан ядролық қарусыздану және ядролық қаруды таратпау жөніндегі бастамаларды белсенді қолдап келеді.

Экономикалық дипломатия. Қазақстанның экономикасы мен энергетикалық сектордағы салмақты орны республиканы дүниежүзі алпауыт мемлекеттердің маңызды әрі сенімді серіктесі қылды. Қазақстан түрлі елдермен экономикалық қатынастарды белсенді дамытып, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Орталық Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сынды тарихы кенен халықаралық ұйымдардың белді мүшесіне айналды. Өңірдегі сауда және экономикалық байланыстарды нығайтуға ұмтыла отырып, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына белсенді қатысады.

Осылайша 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы үлбір үмітті үздіктіріп, қазақ қана амандасуынан алдын айтылар «Сүйінші!» дегізді әлемге. Бұл құжат ұлт тағдырындағы түбегейлі өзгерістерді, Қазақстан халқының шынайы бостандыққа ие болуын, оның қадір-қасиеті мен рухани құндылықтарының жаңдануына темірқазық болды.

➤ 5-бет

Коллажды жасаған М.Әйпекова

● СҮЙІНШІ!

«Айбоз» сыйлығын алды

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығын айбынды ақын Жанат Жаңқашұлы Алатаудан Арқаға әкеліп, абыройымызды биіктетті.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеби байқауда «Үздік поэзия» аталымында ақынның «Көзіммен сүй, көбелек» атты өлеңдер топтамасы ат оздырды. Ақынның алтыбырт өлеңдері енді жеңімпаздардың туындыларымен бірге антологиялық кітапқа басылады. Жаңа жинақ жақын күндері 400 дана болып, жарыққа шығады.

Сыйлықты халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, ақын Маралтай Райымбекұлы табыстап тұрып, «Поэзияны таныған қазылар алқасына рақмет, құрметтеп жиналған қауымға және бас бәйгені алған саған рақмет», деді. Жеңімпазға «Айбоз» ескерткіш сыйлығы мен 5 млн. теңге табыстады.

Жанат Жаңқашұлының алғашқы жыр кітабы – «Тәңір таңбасы». Кейінгі өлеңдері «Ойтамғанға» топтасқан.

Қаламгер Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры. Бірнеше әдеби жобаға жол ашып, мәдени шаралардың өтуіне ұйытқы болып жүргенін және айта кеткеніміз жөн.

«Орталықтан» қанат қаққан қаламгердің жүлдесіне бек қуанып, қаламына қуат, өлеңіне өмір тілейміз!

● «ӘДЕБИЕТ – АРДЫҢ ІСІ»

Ұлт рухына ескерткіш

«Ақын не жазса да, өзі туралы жазады» дейді Есенғали Раушанов. Жұбан Молдағалиев та «Мен – қазақпын!» поэмасында өзі туралы жазды. Арқалана, асқақтата жырлады. Өзі – халқы. Жастайынан көп қиындық көріп, еңбекке пісіп өскен ол көптеген тарихи оқиғаны елімен бірге басынан кешті. Ашаршылықтың зардабын, репрессияны, сұрапыл соғысты, тың игеруді, желтоқсан оқиғасын көрді. Мың өліп, мың тірілді. Яғни, өз тағдырын халқының тағдыры деп ұқты. Қара басын күйттеген жоқ. Азаттықтың ақ таңын көре алмаса да, тәуелсіздіктің орнайтынына, елінің өсіп-өркендейтініне имандай сенді. Егемендік идеясының халық жүрегінде маздауына ықпал етті. Біз мұның бәрін поэманы тұтас оқып шыққандықтан айтып отырмыз...

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Поэма әдебиет майталмандары тарапынан өз бағасын алған. Мойындалған. Елдің құлағына сіңген, жадына орныққан. Демек, оның өміршеңдігі, өлмейтіндігі дәлелденді. Туынды 1963 жылдың қара күзінде басталып, 1964 жылдың көктемінде аяқталыпты. Шығарма тумас бұрын Жұбан ақын «Қазақ» деген өлең жазған екен. Яғни, ақын бұл шығарманы жазуға әбден дайындалған. Оқып отырып, үлкен дайындықты, ақынның ішкі әлеуетін, қуатын аңғарасыз.

«Жұбанның «Мен – қазақпын!» тамаша поэмасы халқымыздың, бүгінгі кәрі-жасымыздың қанатты сөзіне, мақтаныш сезіміне айналып кетті. Қазағың баяғы қағажу, мешеу ел емес. Ол – терезесі тең жұрт. Ол – талантты халық. Халқымыз бұғаудан босап, бойындағы асыл қасиет-жігерін күллі әлемге паш етті. Бұл дастанның ақын шығармаларының көш басында өрге қиялай тартқан атан түйедей, жолында жүк қалмайтын нардай биік шоқтығы.

➤ 8-бет

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 496.73 ●**USD/KZT** 455.63 ●**RUB/KZT** 5.08 ●**CNY/KZT** 63.87

Қазақстан Ұлттық Банкінің 15 желтоқсан, 2023 жылғы дерегі бойынша

Сапалы экке сұраныс жоғары

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Осакаров ауданы астықты өлке болуымен қатар, өндіріс ошақтарымен де әйгілі. Облыс әкімінің қатысуымен аудандағы Сарыопан кен орнында жаңа зауыт іске қосылды. Мұнда заманауи технология бойынша бірінші сортты әк шығарыла бастады. Зауыт өнімі металлургия және химия өнеркәсібінде, сондай-ақ құрылыс индустриясында сұраныска ие болып отыр.

Аталған жобаны «Saryopan Operating» жауапкершілік шектеулі серіктестігі осы саладағы әлемдік көшбасшы – Carmeuse Group трансұлттық компаниясының қолдауымен жүзеге асырған. Тартылған инвестициялар шамамен 30 млрд. теңгені құрады.

Зауыт 200-ге жуық жаңа жұмыспен қамтуға қауқарлы. Кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 330 мың тонна дайын өнімді құрайды.

– Бұл жоба өңір экономикасының дамуына қосымша серпін беріп, тұрғындарымыз үшін жаңа жұмыс орындарын ашады. Мұнда инновациялық технология қолданылмақ. Кәсіпорын ішкі нарықты отандық өндірістің сұранысқа ие өнімдерімен толықтырады, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Зауыттың ашылуына Carmeuse Group компаниясының президенті Рудольф Коллинет және Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы Азамат Панбаев арнайы қатысты.

– Жоба тек облыс үшін ғана емес, жалпы республика үшін де өте маңызды. Зауыт елдің бірінші дәрежелі әкке деген қажеттілігін толығымен жаба алады. Ол түсті және қара металлургияда, шыны өнеркәсібінде, жылу электр станцияларының тазарту құрылыстарында қолданылады. Бұл жобаның іске қосылуы мультипликативті әсерге ие, бұл құрылыс индустриясын ғана емес, өнеркәсіптің басқа да салаларын дамытуға серпін береді, – деді Азамат Панбаев.

Бұл жоба «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы және 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша қолдауға ие болған.

Облыс әкімдігі зауытты қажетті инфрақұрылыммен, теміржол бағыттарымен қамтамасыз ететін болады.

Сонымен қатар, жоба экологияны да жақсартуға мүмкіндік береді.

Жоғары сападағы әкті көмірмен жұмыс істейтін ЖЭО түтін газдарын тазарту үшін пайдаланылатынын айта кеткен жөн.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Ұлттың негізгі құндылығы

Отанының тағдырына ерекше жауапкершілікпен қарайтын әр қазақ үшін Тәуелсіздік – басты мереке. Айшықты күн еліміздің қысқа мерзім ішінде жаһандық тарих үшін экономикалық, саяси және мәдени серпіліс жасағанын айғақтайды. Достық үйіне жиналған облыс жұртшылығы жаңа белестер мен жетістіктерді атады. Мереке қарсаңында қоғам белсенділері жастарға жол беріп, бастамаларына табыс тіледі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Баршаңызды егемен еліміздің ең айшықты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Тәуелсіздік бәзбіреулер айтып жүргендей тек Тәңірдің сыйы ғана емес. Бұл жолда еліміз небір тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Өткен ғасырдың басындағы тоталитарлық жүйе, қызыл нәубетті ойласаң, төбе құйқаң шымырлайды. Ұлттың зиялыларының көрмеген құқайы жоқ.

1986-ның желтоқсанында азаматтық сұраған қыз-жігіттердің ерлігі ойдан кетпейді. Бүгінде Қазақстан әлемдік қоғамдастықтағы әріптес, Орталық Азиядағы шешуші дауысы бар, дамыған тәуелсіз ел, – деді облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын.

Дөңгелек үстелде Алаш зиялыларының ізгі жолын жалғап, зерттеп жүрген жастар сөз алды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарихшысы Әділет Жағыпар Алаш идеясын насихаттап, адал азамат тәрбиелеуде адастырмас темірқазық болған Алаш айлығына тоқталды.

– Тәуелсіздігіміздің іргетасының қалануына Алаш зиялыларының сіңірген еңбегі орасан. Бірнеше жыл бұрын жас ұрпаққа Алаш идеясын түсіндіру мақсатында апталық бастадық. Қазіргі таңда ол Алаш айлығына айналды. Алдағы уақытта Қарағанды қаласының 90 жылдығына орай Алаш аллеясы мен музейін ашуды ұсынамыз. Бұл жас ұрпаққа Алаш идеясын насихаттауда негіз болады, – деді Әділет Жағыпар.

Облыс жастары атынан сөз алған облыстық мәслихат депутаты, «Имсталькон» АҚ компаниялар тобының активтерін басқару жөніндегі директорлар кеңесі комитеті төрағасының орынбасары Михаил Коновалов лебізін білдірді.

Мереке қарсаңында жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегімен облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқандар облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, сондай-ақ, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Құрметтелгендер қатарында облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің (Қарағанды қаласы) №10 өрт сөндіру бөлімінің командирі Виталий Переплетчиков, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры Берік Рахимов, «Қарағанды Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Майқұдық су бұру бастығы Аманбай Тұрғынбеков бар.

Тәуелсіздік күніне арналған «Ұлт тәуелсіздігі: Тарих. Тағылым. Құндылық» атты дөңгелек үстелге облыстық мәслихат депутаттары, облыстық басқарма мен департаменттер басшылары, ЖОО ректорлары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері және желтоқсаншылар қатысты.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Жаңа қазандық үнемді

Қыс мезгілінде жылу мен жарық – басты мәселе. Бұл бағытта аймақтың өңірлерінде тиісті жұмыстар атқарылуда. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Осакаров ауданына жұмыс сапары кезінде Молодежный кентіне барып, жылыту маусымының өтуіне назар аударды.

Атап айтсақ, «Айгөлек» балабақшасына арнайы барып, онда 18 қарашада қатты жел зақымдаған шатырды қалпына келтіру мәселесін тексерді.

Кепілдік міндеттемелері бойынша мердігер жөндеу жұмыстарын жасаған.

Облыс әкімі аумақты абаттандыру бағытында ескертулер жасап, келесі жылы жайлы ойын алаңдарын орнатуды мұқият тапсырды.

Аймақ басшысына №26 мектептің шатырының қалпына келтірілгені туралы баяндалды. Шатыр дауылды желдің салдарынан құлаған. Қалпына келтіру жұмысы қызу жүріп жатыр. Аяқтау желтоқсан айының соңына дейін жоспарланған.

Қажетті материалдар мен жұмыс күші жеткілікті. Нысанда әзірге ешқандай проблемалар жоқ екені айтылды.

Сонымен қатар, Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов Молодежный, Батпақ ауылдарында орналасқан екі денсаулық сақтау нысанының шатырын да жөндеу жұмыстарының да аяқталатынын айтты.

Ермағанбет Бөлекпаев кентте қазандықтардың қалай жұмыс істейтінін де назардан тыс қалдырмады.

– Биыл Молодежный кентіндегі жылу желілеріне жөндеу жүргізілді. Коммуналдық меншіктегі «Сарыарқа-2017» ЖШС қазандығында бес қазандық жөнделді. Сапалы көмір сатып алдық. Жылу өндіру бойынша температуралық режим сақталады, – деді Руслан Нұрмұханбетов.

Сондай-ақ, бұл қазандық әбден ескіргенін, ондағы жабдықтардың тозғанын айта кеткен жөн. Алдағы уақытта оның орнына жаңа модульдік қазандық салу жоспарлануда. Жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жіберілген. Бұл болашақта жылу көзі көмір мен электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді. Жоба бекітілгеннен кейін бірден қаржыландыруға өтініш берілетіні де мәлім етілді.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● МАРАПАТ

Қос театр көлікті болды

Мерейлі мереке қарсаңында Кеншілер мәдениет сарайында облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын мәдени бірлестік жетекшілерімен кездесіп, бірқатар қызметкерлерге марапат тапсырды. Мұнымен қоса, С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры мен К.Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театрына жаңа автобус кілттерін табыстады.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алқалы жиында әкім орынбасары Ерлан Бейсембайұлы қастерлі мейраммен құттықтап, биыл атқарылған мәдени жұмыстарға тоқтала өтті. Алдағы уақытта да мәдениет саласында үлкен жұмыстардың күтіп тұрғанын айтып, бірігіп жұмыс жасауға, жаңа жобаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

Одан соң Қарағандының мәдениет саласына өз еңбектерін сіңірген бірнеше өнер адамдарына «Еңбек ардагері» медалін табыстады. Атап айтсақ, бұл марапат Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігі Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің әртісі Полатхан Ташимовқа, «Әуен» ансамблінің көркемдік жетекшісі Мунира Мұқажановаға, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің академиялық симфониялық оркестрінің әртісі Жанета Алдыхановаға және Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің джаз оркестрінің бас дирижері Игорь Андрейченкоға бұйырды.

Мұнымен қоса, екі үлкен театр ұжымына жаңа автобус кілтін табыстады. Енді, театр әртістері комфорт санатындағы жаңа автобуспен өңірлерге іссапарға шығады.

Сонымен қатар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Рымбала Омарбекова аймағымыздың мәдени саладағы өткені мен бүгінін әңгімеледі.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов елдігімізді айғақтайтын егемендігіміздің ғұмырлы болуына тілектестігін білдірді.

● ЕРТЕҢ – ЭНЕРГЕТИКТЕР КҮНІ

Еңбегі сіңгендер еленді

Ермағанбет Бөлекпаев энергетиктерді кәсіби мерекесімен құттықтады.

Қарағанды облыстық әкімдігінде еліміздің энергетика саласының қызметкерлерін құттықтау шарасы өтті. Өңір басшысы аймақтың энергетика саласына өлшеусіз үлес қосып келген 25 кәсіп иесіне Құрмет грамоталарын табыс етті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құттықтау сөзінде Ермағанбет Қабдулаұлы энергетиктердің тұтас елдің тұрақты экономикалық дамуындағы маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Экономиканың түрлі секторлары қарқынды өсіп, жаңа тұрғын үй мен әлеуметтік нысандар іске қосылуда. Осыған байланысты, энергетика саласының алдында жылу мен электр қуатына деген қажеттілікті қамтамасыз ету міндеті тұр. Жылдың ең суық күзгі-қысқы кезеңінде біз осы мамандықтың қадірін ерекше сезінеміз әрі энергетиктердің еңбегін ризашылықпен атап өтеміз, – деді облыс әкімі.

Үшінші жылу электр орталығы басқармасы бас қалқанының электромонтері Ольга Кострица бұл салада 40 жылдан астам уақыт қызмет етіп келеді екен.

– Аталған жылу электр орталығына 1981 жылы келдім. Әкем электр цехының ауысым бастығы болып жұмыс істеген. Мен оның ізбасарымын деп айтуға да болатындай. Бізді ұмытпай, ұлықтай, елеп-ескеріп жатқандарыңызға рақмет! Кәсіби мереке құтты болсын! Энергетик күнін біз жыл сайын атап өтеміз. Бар саналы ғұмырымыз осы салаға арналды. Әріптестеріме зор денсаулық тілеймін. Айтып келмейтін тосын апаттан сақтасын, – дейді Ольга Кострица.

«Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметкері Амандық Дәрменшеев коммуналдық қызмет жұмысы оңай болмағанымен, тіршілік тініне өте қажет екенін атап өтті.

– «Оқжетпесте» 17 жыл еңбек етемін. Қазір кәріз тазарту цехында шебермін, – дейді Амандық Дәрменшеев. – Жұмыста қиындықтар жеткілікті. Кәріз құдықтарына түсуге тура келеді. Энергетиктерді мерекемен құттықтағым келеді. Осындай іс-шаралардың көбірек болуын, біздің жұмысымыз тиісті бағасын алуын тілеймін.

Еске салалық, Қазақстанда энергетик күні желтоқсанның әр үшінші жексенбісінде атап өтіледі.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Үш жылдың бюджеті бекіді

Облыстық мәслихаттың кезекті X сессиясында өңірдің 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті бекітілді. Басымдық – әлеуметтік салада. Себебі, бұған дейін депутаттар тоғыз ай қатарынан өңір тынысын жан-жақты зерделеп, олқы тұстары мен кемшіліктерін көзбен көріп, қорытынды жасаған болатын. Одан бөлек, тұрақты комиссиялардың отырыстарында қаралып, қажет болса, ұсыныс та енгізген. Өңір халқының тұрмысын барынша жайлы етуге тырысқан депутаттардың еңбегінің нәтижесінде биыл облыс бюджетінің 64 пайызы әлеуметтік салаға бөлінеді. Атап айтар болсақ, әлеуметтік сала нысандарын кезең-кезеңімен жөндеу және олардың материалдық-техникалық базасын жаңарту жалғасады. Одан бөлек, пациенттерді тегін дәрілермен қамтамасыз ету және мемлекеттік спорттық және өзге де тапсырыстарды іске асыру қарастырылады. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың басшылығымен өткен сессия жұмысына аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік салаға – 64,4%

Жыл сайын депутаттар облыстық мәслихаттың соңғы сессиясында үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджетті бекіту туралы мәселені қарастырады. Оған дейін, екі ай көлемінде депутаттар атқарушы органдармен бірлесіп, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын талқылаған. Бұл туралы жан-жақты мәліметті облыстық қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина ұсынды. Айтуынша, қаражаттың ауқымды бөлігі халықтың әлеуметтік қажеттіліктеріне жұмсалады. Денсаулық сақтау мәселелері де ерекше назарда.

– Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік сала объектілерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жөндеу жалғасады. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың 1-4 сынып оқушылары мен мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерін тамақтандыруға қаражат бөлінеді. Сирек кездесетін ауруларды емдеуге арналған дәрі-дәрмектерге қаржы қарастырылған. Тізімде облыс тұрғындары облыстық бюджет қаражаты есебінен қосымша ала алатын 26 дәрі-дәрмек атауы бар. Сондай-ақ, ауылдық жерлерге жіберілетін медицина қызметкерлерін қолдау жалғасады, – дейді Людмила Викторовна.

Басқарма басшысы шығыстардың шамамен 64,4%-ы әлеуметтік салаға бағытталады десе, білім беру мен медицинаны қолдауды күшейту арқылы мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді орындау және адами капиталды дамыту басымдыққа ие. Спорттық және шығармашылық тапсырысты жан басына қаржыландыру, жас мамандардың тұрғын үй қарыздарын өтеу, мүгедек жандарды әлеуметтік қолдау, мәдениет, спорт және ішкі саясат саласында шаралар өткізу де бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Бюджеттің әлеуметтік саладан кейінгі қомақты бөлігі экономиканың нақты секторына бөлінеді. Людмила Башарина бұл салаға бюджеттің 21,7%-ы жіберілетінін айтып отыр. Атап айтсақ, аталған бағыт бойынша шағын және орта бизнеске, агроөнеркәсіптік кешенге қолдау көрсетіледі. «Отбасы банк» арқылы кеншілер мен металлургтердің ипотекалық бағдарламасын іске асыру да экономиканың нақты секторының еншісінде. Балалардың облыс орталығындағы қоғамдық көліктерде тегін жүруі де экономиканың нақты секторына бөлінетін қаржы есебінен жүзеге асады. Одан бөлек, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға және «Қауіпсіз қала» жобасына жәрдем беріледі.

– Жылумен және сумен үздіксіз қамтамасыз ету, су бұру, тұрғын үй салу және реконструкциялау, сондай-ақ, жергілікті авторжолдар желісін жөндеу және реконструкциялау басымдықта қалып отыр. Қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қорғау, мобилизация дайындығын қолдау да күн тәртібінде, – дейді Людмила Башарина.

Тағы айта кетері, облыста республикалық бюджет есебінен нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлу жоспарда. Осы қаражат есебінен білім беру нысандарының құрылысы, жылу, газ және сумен жабдықтау және көлік инфрақұрылымы жобаларын қаржыландыру жалғасады.

Людмила Башаринаның айтуынша, облыс бюджеті экономиканың барлық саласын қамтиды және ең алдымен әлеуметтік міндеттемелерді сапалы орындауға бағытталған.

Ал, бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Аян Әбдікәрімов болса, «шығындар әрқашан оңтайландырылуы керек» дейді.

– Әлеуметтік және экономикалық маңызы бар жобаларға басымдық беру керек. Ол үшін депутаттық корпус пен жергілікті атқарушы органдар бірлесіп, бюджет көрсеткіштерінің орындалуына тиімді бақылауды қамтамасыз етуі тиіс, – дейді ол.

Еселі еңбектің есебі

Биыл халық қалаулыларын қабұқара өзі таңдап, сайлады. Сайлау жүйесіндегі реформалар жұртшылықтың мемлекет ісіне белсене араласуы үшін зор мүмкіндіктер жасағаны мәлім. Соның бірі – облыстық, қалалық, аудандық мәслихат депутаттарын халықтың өзі тікелей сайлауы. Дәл осындай жүйе арқылы мандат иеленген мәслихат депутаттары осы жылдың наурызынан бастап іске кіріскен-тін. Осы уақыт аралығында депутаттар сайлаушыларымен тығыз қарым-қатынас орнату үшін, олардың арыз-шағымдарын, өтініш-тілектерін ұдайы назарда ұстау үшін өңірлерді аралап, кездесулер өткізді. Соның нәтижесінде, көпшіліктің көкейіндегі түйткілді мәселелердің біразының түйіні тарқатылды. Мәселен, Нұркен Кобжановтың айтуынша, өңірдің өзекті мәселелері мен дамуы депутаттар назарынан тыс қалмақ емес. Мәслихаттың әр сессиясында аймақтағы ахуал мен қордаланған проблемалардың шешімін табуды өзек етіп алады.

– Өткен тоғыз ай мұқдарында облыстық мәслихат депутаттары он сессияда мәні зор көптеген мәселелер бойынша 116 шешім қабылдады. Оның 26-сы нормативтік құқықтық сипатты иеленді.

Ал өткен он сессияның төртеуі – кезекті болса, алтауы – кезектен тыс, – дейді Нұркен Сайфиддинұлы.

Төрағаның айтуынша, сессия жұмысы барысында әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі айқындалған. Нәтижесінде, Қарағанды, Абай, Приозерск, Теміртау қалалары, Нұра ауданы бойынша 13 автобус қатынасы және ауданішілік, ауданаралық қатынастар қосылғанын атау керек. Одан бөлек, депутаттардың араласуымен тегін медициналық көмектің тізбесі кеңейтілген. Тізбеге орфандық ауруларға арналған дәрі-дәрмектер де кірген.

Облыстық мәслихат төрағасы ауылдағы медицина мамандарының тапшылығын жою үшін әлеуметтік қолдау да назардан тыс қалмағанын айтады. Дәлірек айтқанда, ауылдық жерге жұмыс істеуге жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау мөлшері айқындалған. Бұл да депутаттардың араласуымен қолға алынған шаруа. Нәтижесінде, ауылдық жерлерге медицина қызметкерлерін тарту мүмкіндігі туды.

–Депутаттар тұрғындарды баспанамен қамту мәселесін де бақылауда ұстап отыр. Одан бөлек, тұрғын үйлер салу, жер учаскелерін беру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Өңірдегі құрылыс жұмыстарының сапасын көтеру проблемасы да депутаттар тарапынан қозғалды. Оның ішінде материалдарды ауыстыру немесе арзандату жағдайларының алдын алу, жобалық шешімдерді оңайлату мақсатында, жұмыстардың құнын негізсіз көтеруге жол бермеу, салынған нысандарды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сәулет-құрылыс бақылау саласындағы уәкілетті органға техникалық қадағалауға рұқсат беру кезінде қажетті құжаттарды қараудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны жүзеге асыратын тұлғалардың жауапкершілігін арттыру тапсырылды, – дейді Нұркен Кобжанов.

Жалпы, сессия жұмысында депутаттар экономиканың әрбір саласындағы жайттарды ортаға салып, шешімін табуға талпынатынын айту керек. Ал, қабылданатын шешім облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларында алдын ала жан-жақты талқыланып, қарастырылады. Артық-кемі болса, комиссиялардың отырыстарында түгенделеді. Әбден пісіп-жетілгеннен кейін ғана шешім шығарылады. Бүгінде негізі бар құжаттарды жетілдіруде Парламентке ұсыныстар жолдап отыратынын айту керек. Олардың қатарында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына ауысу тәртібімен орналасу бөлігінде, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1949 жылдан 1990 жылға дейін ядролық жарылыстар өткізу аумағында тұратын азаматтарды әлеуметтік қолдау қажеттілігі туралы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына – мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жетілдіру туралы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына – «жұмыссыз» мәртебесіндегі адамдарға төлемдер мәселелері бар.

Алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджет туралы шешімді дайындау қарсаңында облыстық мәслихат депутаттардың 68 ұсынысынан тұратын «Бастамалар пулын» қалыптастырды. Атап айтқанда, бұл Қарағанды қаласында ТКШ саласындағы жобаларды іске асыруға, денсаулық сақтау объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуге, спорт объектілерін ағымдағы жөндеуге және жарақтандыруға қаржыландыру. Есепті кезеңде облыстық мәслихатта сайлаушылармен 70-тен астам кездесу өткізді. Депутаттар 400-ден астам адамды жеке қабылдады. Медициналық қызмет көрсету, мектептер мен жолдарды жөндеу, елді мекендерді абаттандыру, интернет-байланыс орнату, тұрғын үй салу, көшелерді жарықтандыру және тағы да басқа мәселелер қаралды, – деді төраға.

Халық денсаулығы – басты назарда

Облыста денсаулық сақтау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Депутаттар облыстың қалалары мен аудандарына барып, осы салаға қатысты мәселелермен танысты. Сапалы және қолжетімді медицина мәселесін халық қалаулылары ерекше бақылауға алды.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау комиссиясының төрағасы Қадиша Оспанованың айтуынша, депутаттар облыс қалалары мен аудандарында болып, өңірдің денсаулық сақтау саласындағы барлық проблемалық мәселелермен танысқан. Бұл үшін уақытша жұмыс комиссиясы да құрылған.

– Уақытша жұмыс комиссиясының жоспарына сәйкес, облыстағы 62-ден астам денсаулық сақтау ұйымдарында болдық. Сапар барысында жұмыс топтары денсаулық сақтау саласындағы қызметтердің қолжетімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында мекемелердің жағдайы мен өзекті проблемалармен танысты, – деді Қадиша Базарбайқызы.

Жергілікті бюджет есебінен 53 дәрігер жетекші елдердің медициналық клиникаларында біліктіліктерін арттырған. Одан бөлек, ауылдық жерлерге медицина мамандарын тарту мақсатында 61 маман 5 млн. теңгеден алған. 14 фельдшерлік-акушерлік пункт салынған. Осындай жұмыстардың нәтижесінде өлім-жітім 10,3 пайыздан 9 пайызға төмендеген.

Бірақ, Қадиша Оспанова денсаулық саласында жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға, сондай-ақ, жыл сайын бюджеттің түрлі көздерінен бөлінетін қаржы көлеміне қарамастан, медицина саласында көрсетілетін қызметтерге шағым да азаймай отырғанын айтады.

– Биылғы 10 айда облыстың денсаулық сақтау басқармасына 776 арыз-шағым келіп түссе, оның 70%-ы – жеке, ал, 30%-ы – заңды тұлғалардан. Жұмыс топтары ұйымдастыру сипатында көп олқылықтар жіберілетінін анықтады. Бұл өз кезегінде сапалы медициналық қызмет көрсетуде көрініс береді, – дейді Қадиша Базарбайқызы.

Сапалы қызмет көрсету төмендігіне кадр жетіспеушілігі әсер етуде екенін айтады депутат. Қарағанды медицина университетінде оқитындардың 80%-ы – сырттан келетіндер. Тұрғын үйдің болмауы да, әлеуметтік пакеттің жоқтығы да дәрігер тұрақтамаудағы бірден-бір себеп.

Денсаулық сақтау саласындағы депутат атаған тағы бір мәселе – бейінді мамандардың жоқтығы. Уақытша комиссияның жұмысы барысында дәл осындай жағдай облыс аудандарында орын алғанын жоққа шығармайды депутат.

Қадиша Базарбайқызы денсаулық сақтау саласында анықталған тағы бір проблеманы атап көрсетті. Ол медициналық қызметті лицензиялау және сертификаттауға қатысты.

– Теміртау қаласындағы көпбейінді аурухана, Қарағанды қаласындағы №4 емхана, облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы, Нұра, Бұқар жырау, Шет, Ақтоғай аудандық ауруханалары, «Гиппократ» ауруханасы және тағы басқалары рұқсат құжаттарынсыз жұмыс істеген. Бұл өз кезегінде айтарлықтай қауіп төндіреді, – дейді Қадиша Оспанова.

Бірақ, жоғарыда айтылған проблемаларға қарамастан оң нәтижелер де бар. Мәселен, облыстық клиникалық аурухана директоры Ержан Шәкіровтің айтуынша, аурухана ауданы үлкейіп, жабдықпен қамтылу 87%-дан 92%-ға артқан. Одан бөлек, тұрғындар үшін сапалы медициналық қызмет қолжетімділігі де арта түскен. Нәтижесінде, емделушілер саны 32 мыңнан 43 мыңға дейін жеткен.

– Бүгінде жоспарлы госпитализация саны артып, ота жасау да ұлғайды. Білікті маман көмегі нәтижесінде балалар өлімін де 1,5 есеге дейін азайттық, – дейді Ержан Шәкіров.

Үш жылдық бюджет қолдау тапты

Сессияда бірқатар маңызды жобалар айтылды. Мәселен, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылындағы стадионды реконструкциялауды, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және төтенше жағдайлар нысандарын дамыту бойынша бес ЖСҚ әзірлеу, сондай-ақ, Бұқар жырау ауданы, Гагарин ауылындағы мектепке жапсарлас құрылысты аяқтау қажет.

Сондай-ақ, сессияда Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарына енгізілген өзгерістер қолдау тапты, сонымен қатар бірқатар өзекті мәселелер қаралды.

Өз кезегінде өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев халық қалаулыларына жемісті бірлескен жұмысы үшін алғысын білдіріп, жергілікті атқарушы органдар мен депутаттық корпус өкілдері алдағы уақытта да тиімді ынтымақтасатынына сенім білдірді.

– Бүгін сіздер үш жылдық бюджетті қолдадыңыздар. Әрине, ол болашақта да өзгеретін болады, бірақ біз бұрынғыдай әлеуметтік салаға көп қаражат бөлетін боламыз. Инфрақұрылым бойынша да сұрақтар бар, тағы да ақылдасып, жобалар ұсынамыз. Сіздер денсаулық сақтау саласындағы жұмысты талдайтын, қандай проблемалар бар екенін анықтайтын және ұсыныстар беретін комиссия құрдыңыздар. Бұл үшін жеке алғыс білдіремін, – деді деді Ермағанбет Бөлекпаев сессия соңында.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰЛҒАЛАРЫ

Қазақ баспасөзінің қайқы қылышы

1991 жылдың 19 тамызы кеңестік жүйенің құлдырау шегіне жеткен кезі. Дәл осы күні Мәскеу радиосы таңғы хабарын КСРО Жоғары Кеңесі төрағасы Лукьяновтың мәлімдемесімен бастады. Онда КСРО-ның Президенті М.Горбачевтың денсаулығы сыр беруіне байланысты империяны билеушінің мансабын вице-президент Геннадий Янаевқа ойысатыны айтылды. Осыған орай, кеңес құрамындағы кейбір өңірлерде алты айға төтенше жағдай енгізілді.

Алып державаның саяси өміріндегі сызатты сезген әлем бақылаушылары бұл оқиғадан түрлі жорамал жасады. КСРО-ның күйреу алдындағы күйін «Бұл төңкеріс!» деп баспасөз бетінде ашық сипаттаған Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы, парасатты публицист Нұрмахан Оразбек еді. Ол тамыз бүлігі туралы туындысында: «Иә, көреген саясатшылар әлдеқашан айтқан диктатура қатері іс жүзіне айналды», – деп төңкерістің астарын тамыршыдай дөп басып, ашып жазды. Республикалық деңгейдегі қазақ, орыс тіліндегі қабырғалы басылымдар бұқпа мінез танытып отырғанда, Нұрмахан Оразбек бірегей мақаласымен ұлтының көкейкесті мұратын ашық айтты.

Тәуекел тұлға осы мақаласы үшін газет қызметкерлерін қудалауға салмауды, жауапкершілік жүгін бір өзі көтеретінін ескертіп, күн бұрын қолхат жазып қалдырған екен. Кісіліктің төрелігі осындай-ақ болсын! Кеңестік жүйе сойылын соққан заманның өзінде азат ойдың иесі аймақтық басылымға қазақтың «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» деген кесек сөзін ұран етуі көзсіз ерлік емей немене? Қазақтың барын түгендеп, жоғын жоқтаған жампоз журналист һәм жазушы Нұрмахан Оразбектің есімі тәуелсіздіктің таңы атқалы елеусіз, ескерусіз қалып келді.

– Ел оны да ұмытып кетті. Баяғыдан егемен елде өмір сүріп жатқандай?

Ең әуелі Балтық жағалауы елдері бастап, ең соңында СССР-дің ақи иесі Ресейдің өзі қоштап, темір құрсауды үзіп шыққанда, елдің көшкен жұртында қалған егемендігін ойланып-толғанып әзер алған, «Елбасының» есім-сойын Ата Заңына жазамыз деп жүрген елге не деуге болады?!

Сол кезде шыр-шыр еткен Қазақстанның жалғыз ұлын елемей отырған бұ жұртқа не деуге болады?! – деп толғанды халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серік Ақсұқар.

Қарағандылық жазушы, этнограф Төрехан Майбас тарихи тұлғаны ұрпақ жадында қалдыру үшін кеншілер өлкесінде түрлі іс-шаралар атқарылуы тиіс деп меңзейді:

– Жайық Бектұровпен келмеске кеткен қазақ руханиятын қарағандылықтарға қайтарған Нұрмахан Оразбек еді. Олай болса, біртуар тұлғаның атын мәңгі есте қалдыру үшін қандай шара ұйымдастырса да, жарасады деп ойлаймын. Көше атауын, әлде мәдениет-өнер ғимаратына есімін бере ме, бәрі де жарасымды! – деді.

Біреу білсе, біреу білмес, Нұрмахан Оразбек тоталитарлық жүйенің тар құрсауына маталып, мұрағатта жарияны сарғайып күтіп жатқан Алаш қайраткерлерінің жақут жырлары мен жалынды жазбаларын облыстық газетке басты. Әрбірден кейін ол тәуелсіздіктің таңы қылаң бермей тұрған дәуір болатын. Біле білсек, Мағжан Жұмабаевтың әйгілі «Батыр Баян» дастаны тұңғыш рет «Орталық Қазақстан» арқылы барша қазақ оқырманымен қауышты. Топшылай келгенде:

– Шындықты қасқайып тұрып айтқан қаламгердің ерлігі кімге болсын, үлгі деп нық сеніммен айтуға болады. Жас толқын мұны білуі тиіс, мұндай батыл қадам, нартәуекел істі насихаттап отыру – біздің қасиетті борышымыз.

Сол себепті де, Нұрмахан Оразбек сынды біртуар тұлғаның аты Арқа төсінде, кеншілер астанасында мәңгі қалуы тиіс. Қаламгердің есімі қаланың бір көшесіне ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір беріледі деген сенімдеміз. Өйткені, қазағын, ұлтын жанындай жақсы көріп, басын бәйгеге тіккен жайсаң жан мұндай құрметке әбден лайық! – деді «Saryarqa Aqparat» ЖШС директоры Қайрат Әбілда.

Өткенге салауат, ертеңге аманат!

Арқаның ардақты азаматтарының ұсынысы іске асар-аспасына уақыт төрелік етері анық. Дей тұрғанымен, Нұрмахан Оразбектей қажырлы қайраткердің есімін дәріптеу – келешек ұрпаққа Қазақстанның шынайы тарихын зерделеп, қайта жазуға сеп болмасына кім кепіл?

Рухани шырақшы Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетін үш жыл басқарды. Ілгеріде, «Лениншіл жас» қазіргі («Жас Алаш»), «Егемен Қазақстан» республикалық газеттерінде қызмет еткен. Әр жылдары «ҚазТАГ-тың», «Ақиқат» журналында және ағылшын тілінде шыққан республикалық «Қазақстан» газетінің бас редакторы болды. Көрнекті тұлға зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін «Қазақстан» баспасының директоры лауазымын атқарды. Бірегей жазушы, білікті аудармашы Нұрмахан Оразбек бірнеше әдеби кітаптардың авторы. Ол өмірінің соңын Алматы қаласында өткізді.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

● ҚҰРМЕТ

Желтоқсан көшесі – елдіктің айнасы

Тарихты саралай қарасақ, Кеңес билігіне наразылық көрсеткен жастарды қаһарлы империядан сескендірмеген азаттыққа ұмтылыс, егемендікті аңсау екені сөзсіз. Шынында да, Желтоқсан оқиғасы азаттық таңының арайлап атуына себепкер болды. Бұл орны ерек оқиға ел жадынан өшпек емес. Ел еркіндігі жолында ерліктерімен есте қалған желтоқсаншы жастарға арналып, Желтоқсан көшесі атауы берілгені оларға көрсетілген құрмет белгісіндей еді. Қарағанды облысы бойынша алғашқылардың бірі болып, отыз жыл бұрын Балқаш қаласында Октябрьдің 50 жылдығы көшесі Желтоқсан көшесі болып өзгертілді. Бұған сол кездегі қалалық «Қазақ тілі» қоғамы, «Азат» партиясы, белсенді жастар зор ықпал етті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қолымызға түскен деректерде «1993 жылы 5 маусым мәдениет, тіл, ғылым, білім, ұлттық және интернационалдық қатынастар, тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі тұрақты комиссия мен қалалық «Қазақ тілі» қоғамының ұсыныстарын қолдап, Балқаш қаласының көшелерінің атауын өзгерту туралы қаулысына сәйкес, М.Горький көшесі – Қараменде би атымен, А.Матросов көшесі – Ағыбай батыр атымен, В.Чапаев көшесі – Ә.Бөкейханов атымен, С.Киров көшесі – С.Сейфуллин, оның ішінде Октябрьдің 50 жылдығы көшесі Желтоқсан көшесі болып өзгертілуі тиіс деген қаулы шықты», – деп тайға таңба басқандай жазылған.

Белгілі журналист Қанат Ордабаевтың айтуынша, Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні Желтоқсанмен тығыз байланысты. Бұл азаттықтың астарында Алаш жастарының мұңы мен сыры астасып жатыр.

– Қазақ үшін еркіндікті жақындатқан Желтоқсанның орны бөлек. Біздің ойымызға желтоқсаншылардың құрметіне ең құрығанда көше атауын берсек деген үкілі арман ұялады. Сол кездегі қалалық «Қазақ тілі» қоғамына барып, «Азат» партиясының Балқаштағы басшысы Бақыт Сағындықов бастаған азаматтар, оның ішінде, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Елжетті Құсайынұлы, белсенді жастар Нарынбек Ішпекбаев, Нұрлан Жандәулетов және мен ұсынысымызды айттық. Көшелі елдің келешегін көшесіне қарап тануға болатындығын жеткіздік. Біздің бұл ұсынысымызды қалалық «Қазақ тілі» қоғамы қолдады, – дейді Қанат Ордабаев.

Бірақ, сол уақыттағы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, жазушы Жанболат Башарұлы желтоқсанда бас көтерген жандардың құрметіне көше атауын беріп, көшелерді қазақшаландырғанда қиындықтар туындағандығын айтады.

– 1989 жылы құрылған «Қазақ тілі» қоғамының түпкілікті мақсаты – Балқаш қаласында ұлттық мектеп пен ұлттық балабақша ашу, көше атауларын қазақыландыру және қазақ тіліндегі байырғы «Балқаш жұмысшысы» газетін ашу болатын. Қала көшелерін өзгерту мәселесі жөнінде «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері тарапынан ұсыныс тасталып, 1992 жылы қалалық кеңестің сессиясында қаралады. Бұл бірден шешіле қалған жоқ. Біраз азаматтар қарсылық білдірді. Әрине, мәселе сессияға дейін тұрақты комиссиялардың отырысында қаралып, түсіндіру шаралары жасалды. Тұрақты комиссиялардың отырыстарында депутаттардың біразы түсіністік танытты. Кейбір қазақ депутаттары қарсы болып, сессияны тастап шығып кетті. Мен ұсынысымды ұтымды қорғап шықтым. Сессияда қаланың сол кездегі басшысы Владимир Григорьевский салмақты сөз айтып, депутаттарды бірауыздан қолдауға шақырды. Парасаттылықпен дұрыс шешім қабылдануына мұрындық болды. Сол күннен бастап, Қараменде би, Ағыбай батырдың, Әлихан Бөкейхановтың, Сәкен Сейфуллиннің және Желтоқсан атындағы көшелер қала тарихына енген болатын, – дейді жазушы Жанболат Башар.

Осыған орай, біз Желтоқсан көшесінде тұрып, әрі-бері өткендерден пікір алдық. Кімнен сұрасаң да, Желтоқсан оқиғасы жайлы ерекше тебіреніспен айтады. Қазіргі таңда өзім тұрып жатқан көшемен келе жатып, бойымызды ерекше бір күш билегендей әсер алдық. Мүмкін, бұл қазақты еркіндікке бастаған азаттықтың рухы шығар… Қалай десек те, бұл Желтоқсан көшесіне желтоқсаншыларға арналған ескерткіш жетіспей тұрғандай көрінді. Желтоқсаншылар ерекше құрметке лайық. Болашақта ескерткіш орнату – бұл Желтоқсан батырларына құрмет қана емес, олардың ерліктерін мәңгі есте сақтау.

БАЛҚАШ

● «МҰЗДА ЖАНҒАН АЛАУ»

Қос куәгер

Еліміз тарихында өшпес із қалдырған Желтоқсан оқиғасына да биыл үш мүшел толады екен. Бірақ сол күндердің қос бірдей куәгері қазірде Абай ауданының Қарабас жалпы білім беру мектебінде мұғалім болып еңбек ететінін біреу білсе, біреу білмейді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коллажды жасаған Айбек Рахымжан

Соның бірі Бақытгүл Айтжанова бұл кезде Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты химия-биология факультетінің 5-курсында оқитын. Дәл 1986 жылдың 16 желтоқсан күні бұлар институттың Панфилов көшесіндегі оқу ғимаратының 7-қабатында химия сабағында отырған еді. Бір уақытта сырттан «ҚазПИ, ҚазПИ!» деп айқайлаған дауыстар қатты-қатты естіле бастады. Бәрі орындарынан жүре көтеріліп, терезеден қараса, көше бойымен Брежнев алаңына қарай шерулеп бара жатқан жастар. Пән оқытушысы Иманмәлік Нұғыманов, осы мезгілде дәрісханаға кірген курс жетекшісі, Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрсұлтан Баймұханов, факультет деканы Болат Алмашев: «Барыңдар да, қосылыңдар! Қазағымыздың намысын қорғаңдар! Сендерге бір сөз келтірмейміз!» дегені. Ұрыста тұрыс бар ма?! Бойларында жастық оты жалындап, республикамызды ширек ғасырдай басқарған Қонаевтың орнын қайдағы бір Колбиннің сырттан әкеліп сайланғанына қандары қайнаған 25 қыз-жігіт қалың шоғырға араласты да кетті.

– Содан біз үш күн бойы алаңға барып, елмен бірге ереуілдеп жүргенімізді жан баласы сезбейді. Біздің топтағы бірде-бір студент қудаланып, жапа шекпеді. Бүгінде арамызда жоқ сондай асыл ағаларымыздың аруағы алдында әлі күнге бас иемін, – дейді Бақытгүл өткенді ойға алғанда.

Оның айтуынша, бірінші күнгі шерулері тыныш өтіп, ұрандап, талап қойып, жатар орындарына оралған. Ал, ертеңінде 17 желтоқсан күні барғандарында, арандатушылардың жағалай арақ, темекі таратып жүргенін байқады. Ол әбден жаурап, қайтып кеткен соң, сойқанның көкесі басталыпты. Мұздай қаруланып, қасқыр ит ұстаған солдаттар шерушілер қатарына жауша тиіп, мұздай сумен атқылап, ит айтақтап, сапер күректерімен сұлатып салып, топырлатып көлікке тоғытқан. Түнгі сағат 10-ның кезінде үсті-басы сауыс-сауыс боп қатып қалған Сәуле Мурсалимова мен көк ала қойдай боп таяқ жеген Жәмила Сұлтанова келеді. Кешкісін жатақханаға оралмаған Алтынай атты құрбысы өздерін машинаға тиеп, қала сыртындағы күресінге апарып тастағаннан әрең жеткенін жылап тұрып айтады.

Алайда, албырт жастық алды-артына қаратсын ба?! Бақытгүл тағы да үшінші рет 18 желтоқсан күні атой салған топпен бірге алаңда тұрды. Жабыла «Менің Қазақстаным!» әнін шырқап, «Колбин кетсін! Бірінші басшы Қазақстаннан сайлансын!» деген талаптарын қайталаумен болды. Бір уақытта алаңды қоршаған қалың әскер үш қатардан шеп құрап, бұларды қыспаққа алып, қаусыра түсті. Шетте тұрған мұның алдына бір жас қазақ солдатының тап келмесі бар ма? Ол ақырын ғана «Жылдам өтіп кетіңіз» деп, араларын ашқан бетте қоршаудан сытылып шыға берді. Оның арты ұрып-соғып, қанды қырғынға ұласқанын кейін естіп білді. Жоғарыдағы абзал ағаларының арқасында жазадан аман қалған өзі де оқуын бітіріп, елге оралып, ордалы отбасын құрып, аталған мектепте көп жылдан бері химия-биология пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеуде.

Ал, Желтоқсан оқиғасының екінші куәгері Гүлзия Қалышева сол кезеңде Целиноград педагогикалық институты филология факультетінің 3-курс студенті еді. Қалада бұдан басқадай ауыл шаруашылығы, инженерлік құрылыс институттары да бар болатын. Сол жоғары оқу орындарының студенттері бастаған ұзыннан-ұзақ созылған шерудің қала орталығына бет алғанын бұлар жатақхана терезесінен ғана көріп,еш қайран қыла алмады. Сонда көздеріне ешқандай тәртіпсіздік, бейбастақтық түсе қоймаған. Бұл нағыз бейбіт шеру еді деуге болады. Олардың дүкен тонап, машиналарды шағып, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қарсылық көрсетті дегенге еш сенбейді. Өйткені институт басшылығы мен оқытушылары өздерін үш күн бойы қамақта ұстап, интернационализм, халықтар достығы туралы құлақтарына құйып, миларын шірітіп бітті. Ақыры құрсау алынған соң бұлардың факультетінен алаңға барған Аринов деген жігіттің, басқа институттардан да бірнеше студенттің оқудан шығарылғанына қанықты. Өздері ештеңеден зардап шекпеді. Сөйтсе де, Бақытгүл мен Гүлзия қазақ жастарының Желтоқсанда жаппай бас көтеруі болашақ Тәуелсіздігіміздің негізі болып, КСРО-ның құлап, ыдырауына себеп болғанын айтып, бүгінгі күндеріне шүкіршілік етеді.

Абай ауданы

● БІЛІМНІҢ БИІК БЕЛЕСІ

Бәсеке бәсі – әлемдік рейтинг

Тәуелсіз ел атанған күннен бастап, білім мен ғылымды әлемдік өркениетке сай сапалық жағынан жақсарту көзделді. Кеңестік дәуірде елімізде жоғары оқу орындарының саны 50-ге жетер-жетпес болса, тәуелсіздік жылдарында 3 есе артты. Бүгін еліміз әлемдік тәжірибені игеру арқылы білім мен ғылымда өсу динамикасына қол жеткізуге мүдделі. Десек те, дүниенің әр қиырынан Оксфордқа жиылған ғалымдардың алдына шығып, түйгенін, білгенін бөліскен Ғасыр адамы – Темірғали Көкетаевтың еңбегін ескерсек, білім бәсекесінде беделіміз бар.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Егемендіктен бүгінге дейін білім саласы көптеген реформадан өтті. Білім беру мекемелерінің деңгейі артып, жаңартылған мазмұнға көшті. Мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді тегін оқытуға кепілдік берілді. Шетел азаматтарына елімізде білім алуға рұқсат беріліп, үш тілде оқыту жүйесі енгізілді. Бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында кредиттік жүйе мен білім беру гранты беріле бастады. Зерттеу әдістемесі бар отандық университеттер әлемдік рейтингке еніп, жоғары сапа көрсетті.

2022 жылы жоғары оқу орындарына түсуге арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі 10%-ға ұлғайып, гранттардың 60%-ы техникалық салаға бағытталды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай 3 жетекші шетелдік зерттеу университетінің филиалдары ашылды.

Бүгінгі таңда білімді саралайтын үлкен рейтингтердің бірі – QS World University Rankings.

Британдық Quacquarelli Symonds (QS) компаниясының нұсқасы бойынша дүниежүзілік сауалнама және жыл сайынғы үздік әлемдік университеттер рейтингінде қазақстандық бірнеше оқу орны таңдалған. Жыл сайын QS 3000-ға жуық университетті бағалайтынын ескерсек, облыстағы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мен Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті осы тізімнен төбе көрсетіп тұр. Сондай-ақ, аталған екі оқу орны еліміздегі ЖОО-ның 10-дық рейтингіне кіреді. Оған қоса IAAR тәуелсіз аккредиттеу рейтингі бар.

– IAAR тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі – білім сапасын қамтамасыз ету бойынша жетекші халықаралық агенттік. Биыл агенттік рейтингінде академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 4-орынға ие болып, еліміздегі ЖОО жалпы рейтингінің ТОП-5-іне енді, – деп хабарлады Қарағанды университетінің баспасөз қызметі.

Бұған дейін QS өңірлік директоры Сергей Христолюбов қазақстандық жоғары оқу орындарының деңгейін жоғары бағалаған. Биыл ол еліміздің жетекші университеттерінде бірнеше тұрақты даму орталықтары ашылғанын да атап өтті. Бұл орталықтар шетелдік серіктестермен ынтымақтастық орнатып, әлемдік контекстке қосқан үлесін толықтырып отырады.

Жақында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек те Қазақстан Coursera рейтингінде 31 орынға ие болғанын мәлім етті. Рейтингте қазақстандық білім алушылардың технологиялық дағдылары (Technology көрсеткіші) 96%-ды құраған. Business, Technology – IT-жүйелер, Data Science білім санаттары бойынша үздік нәтиже көрсеткен.

Министр аталған рейтингтті арттыруға цифрлық экономика үшін 20 мың студент пен оқытушыны даярлау жөніндегі бастама әсер еткенін алға тартты. Ол жоба 25 жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларында 600-ден астам курстарды енгізу арқылы жүзеге аспақ.

Лайықты нәтижелер қарағандылық университеттердің академиялық, ғылыми және әлеуметтік салалар бойынша әлемдік аренадағы орнын айғақтайды. Оқытушылар әлі де әлемдік және ұлттық білім рейтингіндегі орнықты даму саласында үздік нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады.

Ал, Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ жастары ғылымға жіті бет бұрғанын айтады.

– Біз әлемдік беделді оқу орындарымен белсенді байланыс орнаттық.

Кеше Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ-ға ҚХР көлік және логистика саласындағы жетекші жоғары оқу орны – Хэнань көлік кәсіптік-техникалық институтының делегациясы келді. Алдағы уақытта ғалымдарымыз техникалық білім беру саласында мол тәжірибе жинайды.

Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ және QAZTEHNA көлік саласында қытайдағы жоғары оқу орнының филиалын ашады, – дейді ҚарТУ-дың баспасөз қызметі.

Қытайлық делегация Қарағанды техникалық университеті ұсынатын білімге, кәсіпқойлық деңгей мен зертхана жабдықтарына тәнті болыпты. Сәтті сапар тәжірибе алмасуға және болашақ ынтымақтастық үшін жаңа байланыс ошағын табуға бірегей мүмкіндік бермек.

● ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Азаттық тағылымы: Абайдың көзімен

Тәуелсіздік күні – мерекелейтін күн. Бірақ бұл күні өз ісімізге есеп беретін де кез. Ұлы Абай өз халқына көбінесе сыни көзбен қарағаны белгілі. Біз де келер ұрпақ алдында еңсесі биік ел қалдыру үшін жетістігімізге мастанбай, ісімізге сыни көзбен қарай білгеніміз де жөн.

Ұлы Абай он бесінші қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» дейді.

Біз өз алдымызға келесі сауалдарды қойғанымыз жөн шығар. Осы жылдарда біз қандай жетістіктерге жеттік? Қандай кемшіліктеріміз болды? Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз? Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз? Жауабы қиын, бірақ өте маңызды сұрақтар.

Біз енді ішкі және сыртқы саясатымызды дербес жүргізе алатын мемлекетке айналдық. Біздің ұрпақ егеменді елде тұрып жатыр. Тәуелсіздік қандай бақыт! Ол бақытқа қолы жетпей жүрген халықтар қаншама...

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос» деп Абай айтқандай, біз достық ниетімізді бүкіл әлемге паш еттік. Сол ниеттің көрінісі ретінде әлемде алғашқылардың бірі болып, ядролық қарудан бас тарттық. Біздің елді қорғай алатын өз әскеріміз қалыптасты.

Дүниенің түпкір-түпкіріне тараған қандастарымыз елімізге орала бастады. 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткіздік. 1 миллионнан астам бауырларымыз елге оралды.

Сондықтан, аса ауыр дағдарыс жағдайындағы басты міндет қаржы және кредит жүйелерін тұрақтандыруға, өндіріс деңгейінің төмендеу қарқынын бәсеңдетуге мүмкіндік беретін тиімді нарықтық тетіктерді біртіндеп құру болды. Экономикалық реформаның негізгі бағыты экономикалық қатынастарды ырықтандыру, жекешелендіру негізінде меншік нысандарын өзгерту, кәсіпкерлікті дамыту, шетелдік инвестицияларды кеңінен тарту еді.

Әрине, қазір жағдай түзелді. Еліміздегі өндірісімізді дамытуға шетелдерден 370 млрд. доллардан артық қаражат тарттық. Экономика еңсесін түзеді. Бұл – тынымсыз үлкен еңбектің нәтижесі. Тәуелсіздік жылдары мыңдаған жаңа кәсіпорындар ашылды. Онда еңбек ететін өзіміздің бауырларымыз.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрседен басқамен оздым ғой демектің бәрі бекер» деп Абай айтқан сөздер қазіргі заманда айнымай келді. Біздің жастардың қазіргі кезде білімге құштарлығы зор. Сіз армандаған білім балаларға қол жетімді болды. Еліміздегі 7 мыңнан астам мектепте 3,9 млн. астам оқушы білім алады. Колледж бен жоғары оқу орнында 1 млн. астам студент әртүрлі мамандықты игеруде. «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» деп, айтқаныңыздай ұстаздың мәртебесін көтеру үшін біраз жұмыс атқарылуда.

«Ғылым таппай мақтанба» деген ұстанымды берік ұстаған 20 мыңнан астам адам ғылым саласында қызмет етеді. Тәуелсіздіктің арқасында шетелдік беделді оқу орындарында жастарымыздың білім алуына жол ашылды. Оған «Болашақ» бағдарламасы мүмкіндік берген еді. 1993-2023 жылдар аралығында 13 мыңнан астам азамат шетелде білім алып еліміздің дамытуға үлес қосуда.

Қол жеткізген мол жетістіктерімізді шексіз тізбектей беруге болады әрине. Бірақ Абай қазаққа сыни қатал көзбен қарағаны белгілі. Бұл кейде қаттылау болатын сыни ойдан ұлтыма болсын деген ішкі жанашырлықты айтпай ұғынамыз. Біздің қазіргі қоғам ғұлама айтқан ұнамсыз мінезден, істен арыла алды ма? Көп нәрседе ұлы бабамыздың алдында бет қызаратындай...

Тәуелсіздік деп атойлағанымызбен шын мағынасындағы тәуелсіздікке қол жеткіздік пе? Экономиканың әлі де оңай табылатын шикізатқа тәуелді болуы, отандық тауарға қарағанда шетелдік тауардың басым болуы әлі де көп жұмыс істеуімізді талап етеді.

Абайдың қара сөздеріне көз жүгірте отырып, бүгінгі қоғамды бағаласақ көп нәрсенің өзгере қоймағанын мойындауға тура келеді.

Не істеу керек бізге? Абайша айтатын болсақ, еңбек етіп, ғылым тауып, өнер үйрену. Басқа жол жоқ. Қазіргі заман өзімізге ғана сенетін заман.

Негізі әр нәрсенің реті, орны болады. Реттілік бұзылса ол бәрібір шығады. Дұрыс басқарылмаса тәртіпсіздік туындайды. Білім қумасақ, надан боламыз. Ғылым таппасақ, артта қаламыз. Еңбек етпесек, аштан қатамыз. Жалқау болсақ, кедей боламыз. Жемқорлық мемлекетті құлдырауға алып келеді. Денсаулықты күтпесек, сырқат боламыз. Әр нәрсенің сұрауы бар.

Той тойласақ орнымен болсын. Дарақылық пен ысырапшылдықтың емес, шын қуаныштың тойы болу керек. Мақтасақ жағыну үшін емес, бағалау үшін мақтайық. Шаруа істесек атақ үшін емес, нақты пайда үшін істейік. Білім алсақ сан емес, сапа үшін алайық.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал». Бұл сөздерге қосып алары жоқ. Тәуелсіздігіміз баянды болсын.

Елдос ЖҰМАҒҰЛОВ,
саясаттанушы

Бостандық жолы: Тәуелсіздіктен бүгінге дейін

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Кейінгілер ғибрат алар лық үлгі тастап, алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Бұл – кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс»

Әлихан Бөкейхан

Жаһан бедерінде. Қазақстан халықаралық аренада белсенді қадамдар жасап, жаһандық саяси және экономикалық жүйелерге ықпалдасуды бірден бастады. Біріккен ұлттар ұйымының Қауіпсіздік кеңесі өз отырысында 23 қаңтарда Қазақстан Республикасының ұйым мүшелігіне қабылдануы туралы қарарды мақұлдады. 1992 жылы 3 наурызда біздің ел БҰҰ-ның толыққанды мүшесі болды.

Еркін елдің бас кітабы. 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Бірінші Конституциясы қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлімнен, 21 тараудан және 131 мақаладан тұрды. Конституцияда Қазақстан мемлекеттік егемендікке ие болған сәттен бастап қабылданған көптеген құқықтық нормалар көрсетілген: халықтық егемендік, мемлекеттің тәуелсіздігі, билікті бөлу қағидаты, қазақ тілін Мемлекеттік деп тану, Президентті мемлекет басшысы, сот органдарын – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғары Төрелік деп тану сынды мемлекеттік маңызы бар түбегейлі ұстындар атап көрсетілді.

Ұлттық валюта. Осы жылдың 15 қарашасында айналымға тәуелсіздіктің тағы бір атрибуты – төлтеңге енгізілді. Теңгені қысқа мерзім ішінде айналымға енгізу туралы шешім Қазақстанның экономикалық және қаржылық тәуелсіздігіне жасалған тағы бір құтты қадамы болды. Бүгінде теңге – дәстүрлі мәдениет пен заманауи технологияны біріктірудің үлгісі.

1995 жылы жаңа Конституция қабылданды, қос палаталы Парламент, Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. ҚХА өз кезегінде ел ішіндегі этностардың этникалық өзіндік санасы мен мәдениетін жандандыруды қамтамасыз етіп, айналасында көптеген этномәдени бірлестіктерді біріктірді. Ассамблея қазақстандық қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтауға ықпал ете отырып, этникалық процестерді басқарудың бірыңғай платформасын құрды.

Шегенделген шекара. Қытай, Қырғызстан, Ресей, Түркіменстан және Өзбекстанмен аумақтық шекаралық мәселелер шешіліп, ұзындығы – 14 мың шақырымға жуық құрлық шекарасы бекіді. Осылайша атамекеніміздің шекарасын бекіту жолымен мемлекеттік қорғаудың берік негізі қаланды.

Сурет ашық дерекқоздан

Жаңа Астана. 1997 жылғы желтоқсанда астананы Алматы қаласынан сол кездегі Ақмолаға көшіру – Қазақстанның маңызды жетістіктерінің бірі.

Ту көтерер

Paperlab саяси зерттеу орталығының Әлия Тілегенова, Анастасия Решетняк, Серік Бейсембаев, Кәмилә Смағұлова сынды тәуелсіз сарапшылар тобы бүгінгі қоғамдық ахуалға сараптама жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде ту көтерер бірқатар ұсыныстарына мән бере кеткенді құп көрдік. Алдымен халық төлейтін салықтан бюджеттің бүйірін толтырған қаражатты мейілінше үнемді әрі нақ әрі нәтиже берерлік бағыттарға сарп ету.

Сыбайлас жемқорлықпен ұтымды күрес фокус-топтарға қатысушылардың пікірінше, әділ жағдай тудыруға негіз боларлық институттардың жұмысын жандандыру маңызды. Әлеуметтік теңдік. Ендігіде табыс теңсіздігі факторы респонденттерді бейжай қалдырмады. Қоғам стратификациясы жолында сауатты қадамдар жасалмаса, әлеуметтік шиеленістің ауылы қылаң берері де сөзсіз.

Бір қызығы, «Бізге қандай болашақ қажет?» деген сауалға респонденттердің басым көпшілігі «Бәрін өзіңнен баста!» деген алтын қағида ұсынған. Яғни, өзін-өзі таныған ер болса, өзін-өзі билеген ел шықпақ. Жас ұрпақтың мемлекеттік құрылымға келуінде центениалдар соңғы жылдарда мызғымаған, елдің дамуын тежеген мәселелердің шешімін көреді. Жас буынның әлемге ашықтығы, білім алуға деген ұмтылыспен бірге, қажетті өзгерістерге қол жеткізудің негізгі шарты екендігіне күмән кем.

Сонымен қатар, фокус-топ қатысушылары елдің кемел келешегіне түбегейлі өзгеріс жүйенің өзгеруімен, адам санасының түлеуімен демократияның берік қалыптасуы мен азаматтық қоғамның дамуымен, ұлттық сана-сезімнің өсуімен байланыстырады.

Тізгін тартар

Осы әлеуметтік-мәдени аспектілер қазақстандық бірегейлікте де маңызды рөл атқарады. Республиканың көпұлтты халқы оның мәдени мұрасын байытып қана қоймай, әртүрлі этникалық топтарға төзімділік пен өзара құрметке ұмтылу әлеуметтік тұрақтылыққа игі ықпал етеді.

Қазақстан өңірлік және әлемдік саясатта сындарлы рөл атқара отырып, халықаралық істерге белсенді қатысуын ажары ашық қалпында жалғастыра бермек. Көрші мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынас орнатуға және Орталық Азияда тұрақтылықты сақтауға ұмтылады.

Осылайша, Қазақстанның Тәуелсіздігі – ұлттың өзін-өзі тани түсуіне, дамуға деген ұмтылысының тарихи айғағы бұл! Еркін күндегі азат ұрпақ күрделі әлемдік контекст пен серпінді сын-тегеуріндер жағдайында ел өз тарихын құрметтеу және көлденең келген өзгеріске даяр болу негізінде өз болашағының көкжиегін кеңейтіп, сара жолын жалғастыра бермек. Шалқыған шалқар шақтарға қанат қақпақ! Ұлан жерінің қызғалдақ қырында игілік жаратпақ. Тәуелсіздігімен танымасын тәнті етпек! Ғасырдан бір ғасырға қарыштап!.. Ендігіде ертеңіне тәубалап емес, үмітін қауғалап жетпек!

Саясат сахнасында. «Менің ойымша, Қазақстаннан көп елге үйренерлік мысалдар бар. Бұл елде әлемдегі әртүрлі ұлт өкілдері бейбіт өмір сүреді. Тіпті, Қазақстан халқы Ассамблеясы да жұмыс істейді. Бұл батыс әлемі үшін де Қазақстан бүгінде кез келген елдің одақтасы бола алатын өңірдегі санаулы елдердің қатарында екенін мойындаған маңызды», – деп пікір қосты Нью-Йорк штаты Ассамблеясының экс-депутаты Алек Брук-Красный.

KZ Transit: 3D көшірме жасайтын кәсіпорын

Тәуелсіздік алғаннан бергіде заманауи өндіріс өнеркәсіптер көптеп ашылды. Бұрын мүмкін емес болып көрінген дүние бүгінде күнделікті өмірге дендеп енді.

Дегенмен, 3D сканердің жаңалық болып келгені рас-ты. Яғни, қажет затыңызды өзінің цифрлық көзімен сызбасын сызып, көлемін дөп құяды. Сосын дайын нұсқаны 3D принтердің жадына жолдайды. Таңдаған материалыңыздан көшірмені айнытпай дайындап береді. Сынған бөлшегіңізді басқа жерден таппасаңыз, 3D технологияның мүмкіншілігі мол болып тұр.

KZ Transit 3D сканерлеу кәсіпорнына Қырғызстаннан тапсырыс түсіпті. Қытайдың Ender принтерінен жаңа ғана құйылып шыққан қырықаяқты қолымызға алдық. Материалы қатты пластиктен. Салмағы жеңіл демесеңіз, күштеп көріп едік, беріктігі едәуір. Бұл Қырғыз еліндегі этикетка шығаратын зауыттың станогына қажет бөлшек екен. Станок шетелдікі болған соң әлгіні шарқ ұрып іздеп, таппапты. Instagram желісіндегі жарнама арқылы KZ Transit кәсіпорнын кезіктіріп, сынған түпнұсқасын жолдаған. Арнайы барған біздер тап осы тапсырыс дайын болғанда топ ете қалыппыз.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«KZ Transit» ЖШС директоры Данил Ращупкин

Тапсырыс шетелден де түседі

Бұл кәсіпорынға сырт елден түскен алғашқы тапсырыс емес. Бұған дейін Өзбекстан еліне көлік жылдамдығын өлшейтін құрылғының сыртқы корпусын сканерлеп, оны құйып, салып жіберген. Өзбек ағайындар әлгі бөлшектің дәлме-дәл нұсқасын таппаған. Ал, мұндай мүмкіндік тек Қарағандыдағы KZ Transit-те барын өзбек ағайындар да жарнама арқылы білген.

Қарағандыдағы мейрамханалардың бірінің қожайыны кофемашинасының сынған бөлшегін қолына ұстап, осында алып келген. Машинасы итальяндық фирмадан екен. Әлгі затты тапсырыспен алдыртайын десе, жеке сатылымда жоқ көрінеді. Сөйтіп, мұнда келіп, мәселесі оңай шешіледі.

Протездерге сұраныс бар

Кәсіпорын келер жылы республикалық протездік-ортопедиялық орталығымен бірге келісімшартқа отырмақ. Қолының кемістігі барлар осында келіп, жасанды пластика жасатып алуда. Екі-үш пациент жүгінген. Және ол қолды арнайы батырманы бұрау арқылы ашып, жұма алады. Тіпті, аяққа, шынтаққа киілетін протезді де әзірлей алады. Таза пластиктен. Соның барлық нұсқасын жоғарыдағы орталыққа жолдаған. Ал олардың қызығушылығы артқан. Бұл – 3D сканерлеу орталығының медициналық бағыты бойынша жетістігі.

Банкомат бөлшектерін әзірлейді

3D сканерлеу орталығы 100-ге жуық компаниямен тығыз жұмыс істеуде. Оның ішінде Қазақстандағы ең ірі қаржы банктері бар.

– Банкоматтар мен терминалдар көптеген бөлшектен тұрады. Үнемі қолданыста болған соң бұзылмай тұрмайды. Олардың қосалқы бөлшегін Еуропа, АҚШ, Жапония және Корея нарыққа шығарады. Бірақ, ол жақтан алдырту аса қымбатқа шығады. Онымен қоса, көп күтуге тура келеді. Ал біз әлгі бөлшектің дәлме-дәл нұсқасын сапалы материалдан әзірлеп береміз. Және оны өзіміздің цифрлық қорымызда сақтаймыз. Келесі жолы тапсырыс берсе, сканерлемей-ақ, қорда сақталған үлгісін шығарып, жеткізіп береміз. Бірнеше банкпен жұмыс істеудеміз, – дейді KZ Transit директоры Данил Ращупкин.

Дәп қазір банкоматтың карта қабылтайтын пластикалық бөлігінің бірнеше нұсқасын әзірлеуде. Тапсырыс берушілер әлгінің түпнұсқасы картаны алғанда қолайсыз екенін айтып, сәл ықшамдауды өтінген. Бұл да мұндағы инженерлерге аса қиындық тудырмайды. 3D принтер қалаған пішінде құйып шығарады.

Цех басшысы Владислав Шуваев жұмыс үстінде

Техникаларға да 3D технология қажет

– Shining 3D сканерлеу аппараты жоғары дәлдіктегі көшірмені әзірлейді. Әуелі осыған қажет макетті қойып, оны сканерлеп аламыз. Сосын материал түрін таңдаймыз да, 3D принтерді іске қосамыз. Белгілі бір уақыттан соң, өніміміз дайын болады. Біз де Қытайдың «Ender» фирмасынан он принтер, Ресейдің «Picaso» атты екі принтері бар. Сапасы да мықты. Тапсырысты кез келген өлшемде әзірлей аламыз. Егер, принтерге сыймайтын көлем болса, онда өнімімізді бөлшектеп алып, желімдеп, біріктіреміз. Біздегі материалдар өте берік», – дейді кәсіпорындағы технологиялық өндіріс цехының басшысы Владислав Шуваев.

Цех басшысының сөзін мына тапсырыс арқылы қуаттауға болады. «Сұңқар» астық кәсіпорнындағы роликті станоктың үлкен қырықаяғы сынып қалыпты. Бұл бөлшек мүлдем өндірілмейді, нарықта да жоқ. KZ Transit инженер-технологтары сынған қырықаяқты желімдеп, сканерлеп алып, нейлон материалынан әзірлеген. 3D көшірме тұп-тура келе қалған. Станок сартылдап жұмыс істеп тұр. Мұны бізге кәсіпорын басшысы өзіне жолданған видеоесептен көрсетті.

Тағы бір тапсырыс комбайн техникасының сүзгі қорабына шаң өткізбейтін материалға түсіпті. Яғни, дала шаңы қораптан өтіп кетіп, сүзгіні бітей береді. Мұндай кедергіден соң, комбайн жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. Сөйтсе, қораптың шетіндегі резиналар тозған. Ол да таптыра қоймайды. Сол себепті резинаның пішімін сызып, арнайы қалыпқа силикон материалын құяды. Бұл резинаға қарағанда әлдеқайда берік әрі шаң өткізбейді.

IT-инженер қат

Машина жасау, сантехника, өндіріске қажетті жабдықтар, сайманның түр-түрі, протез, тағы басқа да қажет заттың баламасын осы бір кәсіпорын көшіріп басады. Алғашқыда түрлі резина өндірумен айналысқан KZ Transit IT-технологияға ден қойғанына жыл өтті. Сұраныс жоғары.

«Өзіміз де көп ойландық. Қазір не өтімді? Елге не керек? Осы сұраққа жауап іздедік. Ойлана келе, осыған сұраныстың барын білдік. Сканер, принтердің де түр-түрін әбден зерттеп барып, алдық. Сапалысын таңдадық. Сосын кәсіптің кәнігі мамандарын іздедік. Шынымен, қат. Қызығушылығы бар, креативті ойлайтын жастарды тауып, оларды оқыттық. Қазір ұжымымызда бес IT-инженер маман бар. Заманауи құрылғыларды толық игеріп алды. Жалпы, он екі адам еңбек етеміз. Тапсырыс көлемі ұлғайып келе жатыр. Жарнаманы «Olx» бағдарламасына, Instagram желісіне бердік. Клиенттер сол арқылы көп келеді. Енді, өндірістік аумағымызды кеңейтпекпіз. Күн өткен сайын технология жаңғырып жатыр. 5D сканерін алсақ деп отырмыз. Үй салатын түрлі құрылғылар да шығыпты. Уақыт оздырып алмай, соларды ойластырып, жобасын әзірлеп жүрміз», – дейді Данил Александрович.

Кәсіпорын басшылығы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды медицина университеті және Қарағанды жоғары политехникалық колледжімен келісім жасасыпты. Студенттер енді осы жерден іс-тәжірибеден өтеді. Ұтқыр ойлыларын осында жұмысқа алып қалуға ниетті.

Іргелі компаниялармен ілкімді жобалар

Рас, кәсіпорынның 3D технологиясын жолға қойғандарына жыл өте қойған жоқ, адымдары адам таң қалдырады. Бүгінгінің өзінде 100-ден аса іргелі компаниямен тығыз жұмыс жасап отыр. Өндірістік ауқымын кеңейту арқылы өркенін жаймақшы.

Реті келгенде айта кетелік, Қарағанды аймағы цифрлық бастамаларды енгізу бойынша үздік үштік қатарынан көрінген. Бұл – өткен жылдың қорытындысы. Яғни, IT-салада әлеуетіміз әжептәуір. Мұның негізгі бір жемісі мынада деп топшылауға толық болады: «Террикон алқабының» IT-хаб жобасы сәтті жүзеге асырылған. Цифрлық технологияның тілін меңгерген IT механиктер, таланттар жиналып, игілікке жарайтын жап-жақсы жобаларды жарыққа әкеледі. KZ Transit – соның айқын көрінісі. Еліміз бойынша 3D көшірме жасайтын бұл көшелі кәсіпорын көш бастап тұр.

Өндіріс макетін бажайлау сәті

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Медицинадағы бірегей мүмкіндік

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сүйенсек, жыл сайын алыс-жақын шет елдерден Қазақстанға емделуге 5 мыңға жуық адам келеді екен. Ем алуға келгендердің қатары былтырғымен салыстырғанда биыл екі есе өскен. Бұл отандық медицинаның әлеуеті артып, басқа елдермен терезесі теңесе бастағанын білдірсе керек.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен ғасырдың 90-жылдары ауыр болғаны барлығына аян. Медицинада да солай. Аға буын біледі, ем алатын орын да, құрал да, іше қоятын дәрі де тапшы болған заманды. 1998 жылы алғаш рет «Халық денсаулығы» бағдарламасы қабылданды. Сол уақыттан бастап, құралдар сатып алу, емханалар салу қолға алынды. Десе де, отандық медицинадағы ілгерілеу жаңа мыңжылдықтан басталды десек, қателеспеспіз. 2002 жыл «Денсаулық жылы» болып жариялануы да салаға серпін берді. «2000 жыл мен қазіргі 2023 жыл салыстыруға келмейді. Жер мен көктей», – дейді Қарағанды медицина университеті клиникасының бас хирургі, профессор Нұрқаси Абатов.

– 2000 жылдан бастап, түрлі аппаратуралар, медициналық құралдар келе бастады. Бірақ, онда істейтін маман болмайды. Содан кейін дәрігерлерді оқытуды қолға алды. Қазір «аппарат тұрып қалды» деген болмайды. Білімді жастар көп. Ел ішінде болсын, шет елде де апталап, айлап оқуға мүмкіндік жасалды, – дейді Нұрқаси Төлепбергенұлы.

36 жыл медицина саласында еңбек еткен маман тәуелсіздік жылдарындағы бірнеше жетістікті атады. Оның біріншісі – цифрландыру.

– Барлық құжат көз алдымызда. Электрондық денсаулық паспорты – дәрігерлер үшін үлкен жеңілдік. Науқас үшін де тиімді, өзімен бірге қағаз тасып жүрмейді. Кез келген емдік шара нәтижесі телефонындағы «Дамумед» қосымшасына түсіп тұрады. Екіншіден, технология қолжетімді. Медицина – тек технологиямен дамитын сала. Бұрын бізде жоғары технологиялар болмады. Қазір бірегей оталар мен түрлі емдік шараларды жасай аламыз. Дүниенің екінші бұрышындағы оталар Қазақстанда да жасалады. Медицинада шекара, құпия болмайды. Мамандарды оқыту, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу да қол жеткізген жетістік. Бұл – үш. Ашық жүрекке ота жасап жатқан кардиохирургиядағы өзгерістерді алыңыз, тізе, жамбас буындарын алмастыратын травматологиядағы мүмкіндіктерді айтыңыз. Онкотехнологиялар жаңарды. Бүгін ешбір хирург баяғыдағыдай 20-30 см тілік жасамайды. Даму мен жаңғырудың барлық кезеңдерін көзбен көріп, куәсі болған адам ретінде айта аламын, қазір бәрі де мүмкін. Және оның барлығы Астана, Алматыда ғана емес, басқа өңірлерде іске асып жатыр, – дейді Нұрқаси Абатов.

Медицинаның барлық саласында даму бар. Ағза трансплантациясы, сирек кездесетін бас ми патологиясына ота жасау, жүрекке жасалатын коронарография зерттеулері, буындарды эндопротездеу таңсық емес.

Эпилепсиялық ауруларды басу әдісін Х.Мақажанов атындағы көпбейінді клиника мамандары қолдануда. Қарағанды қаласының №2 көпсалалы ауруханасында жүрек ырғағын стимуляциялаудың жаңа әдісі енгізілді. Қарағанды медициналық университеті клиникасы дәрігерлері жақ сүйегіне ісік шыққан науқасқа бірегей ота жасап, аяқ жілігінен жақ жасап, салып берді. Бұл – жергілікті және республикалық БАҚ жарыса жазған аймақ мамандарының биылғы жетістіктері.

– Бүгінгі таңда елде кардиохирургия бойынша барлық ота түрі жасалады деп айта аламыз.

Сурет денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінен алынды

Науқасқа қажетті барлық көмек көрсетіледі. Жүрек трансплантациясынан бастап, жүректің кез келген ақауына ота жасау мүмкіндігі бар. Мұны еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістігі ретінде мақтанышпен айтуға болады, – дейді Қарағанды қаласының №2 көпсалалы ауруханасының хирургиялық аритмология және интервенциялық кардиология бөлімшесінің меңгерушісі Нұрлан Игембеков.

Әлем 1967 жылы алғаш рет жүрек трансплантациясын жасап жатқанда Қазақстанда жүрек клапанын кеңейту бойынша жабық ота жасалған екен. Айырмашылық қандай?! Ал, қазір бұл бізде де мүмкін. Қазіргі медицинаны, медицинаны ғана емес, жалпы елдің дамуын 32 жыл бұрынғы жағдаймен салыстыра алмаймыз. Қазақстан Орталық Азия елдері арасында көш ілгері екені сөзсіз. Халықтың денсаулығын сақтау кез келген мемлекеттің маңызды стратегиялық мақсаты. Оны дамыту ешқашан назардан тыс қалмайды.

Серғазы Қабиұлы Баймұхамбетов



2023 жылғы 13 желтоқсанда 88 жасында Қазақстанның көмір өнеркәсібінің көрнекті қайраткері, дарынды ғалым, жоғары кәсіби тау-кен инженері, техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Серғазы Қабиұлы Баймұхамбетовтің қайтыс болғанын қайғыра отырып хабарлаймыз.

Серғазы Қабиұлы Баймұхамбетов 1936 жылы 23 сәуірде Алматы облысы Қаратал ауданында дүниеге келген.

Серғазы Қабиұлы өзінің барлық еңбек жолын көмір өндірісіне арнады. Қатардағы инженерден, желдету және қауіпсіздік техникасының тау-кен шеберінен Кеңес Одағының ең ірі шахтасы – Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы атындағы шахтаның директорына, көмір өнеркәсібіндегі ең ірі «Қарағандыкөмір» көмір өндіру өндірістік бірлестігінің техникалық директорына дейінгі еңбек жолынан өтті, содан кейін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің техникалық дирекциясын басқарды. 24 жылдан астам уақыт тау-кен өндіру секторының ең күрделі учаскелерінің бірін басқарды.

Серғазы Қабиұлының өндірістік және ғылыми қызметінің маңызды бағыттарының бірі метанмен күрес болды, бұл оның өмірінің басты мәселесі болды. Шахталарда ол қазба учаскелерін желдетудің жаңа схемаларын, газсыздандырудың жаңа тәсілдерін әзірлейді, сынайды және енгізеді. Ұзақ ізденістердің, іс-тәжірибелердің, салыстырулар мен жалпылаудың нәтижесі 1986 жылы Мәскеу тау-кен институтында сәтті қорғаған «Қарағанды бассейнінің қуатты көмір қабаттарын әзірлеу кезінде желдету мен газ шығаруды басқару шараларын зерттеу және әзірлеу» тақырыбында техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алған диссертация болды.

Серғазы Қабиұлы Баймұхамбетов, «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері», Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген көмір өндіруші елдерінде де танымал адам. Дарынды, жан-жақты тұлға ретінде ол көптеген жоғары ғылыми атақтарға ие болды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Инженерлік академиясының академигі, ҚР Минералдық ресурстар академиясының академигі, Халықаралық экология және еңбек қауіпсіздігі академиясының (ХЭЕҚА) академигі, Ресей тау-кен ғылымдары академиясының шетелдік мүшесі болып сайланды. 2018 жылға дейін, өзінің 80 жылдығына дейін өндірістік және техникалық мәселелерді шешуге белсенді қатысты.

Ол көптеген ғылыми еңбектердің, монографиялардың, мақалалардың авторы, Мәскеу, Санкт-Петербург, Женева (Швейцария), Донецк, Алматы, Ташкент, АҚШ (Алабама штаты) және т.б. халықаралық симпозиумдарда, конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады. Ол КСРО және ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, «Достық» орденімен (Ресей Федерациясы), КСРО-ның көптеген медальдарымен марапатталды. Құрметті шахтер және «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері.

Серғазы Қабиұлы Баймұхамбетов 1958 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтының тау-кен факультетін «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» мамандығы бойынша бітірген. 1990 жылы техника ғылымдарының докторы құрметті ғылыми атағын қорғады, диссертация тақырыбы: «Қарқынды көмір өндірудің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету үшін шахталарда желдету мен газ шығаруды басқару тәсілдерін әзірлеу».

1992-1994 жылдары «Көмір» мемлекеттік холдингтік компаниясында басшылық лауазымдарды атқарды. 1996 жылдан – «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің техникалық директоры болды.

«Qarmet» компаниясы, Қарағанды көмір бассейнінің ардагерлері марқұмның отбасына – Мейірімжан Ембергенқызына, ұлдары Ерлан мен Ержанға, туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

PR

Юрий Николаевич Бобнев

Юрий Николаевич Бобневтің мезгілсіз қайтыс болғаны туралы қайғыра отырып хабарлаймыз.

Қарағанды көмір бассейнінің ардагері Юрий Николаевич Бобнев 76 жасында өмірден озды.

Юрий Николаевич 1948 жылы 9 наурызда Қарағанды қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1966 жылы «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің «Киров» шахтасының жерасты электр слесарі болып бастады. Жас кеншінің мансабы дәстүрлі болды – тау-кен шебері, учаске бастығының орынбасары. Одан әрі «Стаханов» шахтасында өндіріс және қауіпсіздік техникасы жөніндегі бас инженердің орынбасары, өндіру учаскесінің бастығы, ауысым бастығы болып жұмыс істеді. 1990 жылдан – №3 өндіру учаскесінің бастығы және Костенко атындағы шахтаның бас инженері болды.

1996 жылы Юрий Николаевич Бобнев «Саран» шахтасын басқарды, онда оның басшылығымен жерасты кәсіпорны қысқа мерзімде озық кәсіпорындардың біріне айналды, үш жыл қатарынан «Саран» шахтасы миллион тоннадан астам көмір өндірді. 2006-2009 жылдары Юрий Николаевич «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің өндіріс дирекциясын басқарды.

Талантты басшы, сауатты өндіруші, кеншілердің көптеген ұрпақтары құрметтейтін Юрий Николаевич Бобнев еңбек жетістіктері үшін үш дәрежелі «Шахтер даңқы» белгілерімен марапатталды.

Юрий Николаевич туралы жарқын естелік әріптестер мен достардың жүрегінде мәңгі қалады.

«Qarmet» компаниясы, Қарағанды көмір бассейнінің ардагерлері Юрий Николаевич Бобневтің отбасы мен туыстарына қайғырып көңіл айтады.

«Qarmet» компаниясы,
Қазақстанның көмір
өнеркәсібінің ардагерлері

PR

Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесі еңбек ардагері, көмір өнеркәсібінің ірі ұйымдастырушысы әрі ғалым, бұрынғы «Қарағандыкөмір» ӨБ мен АМТ Көмір департаментінің техникалық директоры қызметін атқарған, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Шахтер даңқы» белгісінің толық иегері

Серғазы Қабиұлы БАЙМҰХАМБЕТОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Рашит Саттарұлы КАРЕНОВ

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы 2023 жылы 10 желтоқсанда өмірінің 80 жасқа қараған шағында экономика ғылымдарының докторы, профессор Рашит Саттарұлы Кареновтің қайтыс болғанын қайғыра хабарлайды.

Рашит Саттарұлының 1967 жылдан бастап өмір жолы бастапқыда Қарағанды политехникалық институтымен (қазіргі Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен) байланысты болды. Сол университетте бірнеше кафедраларда ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1994 жылдың қаңтарынан бастап Рашит Саттарұлы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Маркетинг кафедрасының меңгерушісі, ал 2002 жылы бұл кафедра екіге бөлінген соң, жаңадан құрылған Менеджмент кафедрасының меңгерушісі ретінде, 2019 жылға дейін табысты қызмет атқарды. 2019 жылдың жазынан бастап осы кафедраның құрметті профессоры болды.

Рашит Саттарұлы Каренов 1700-ден астам ғылыми және әдеби-тарихи еңбектердің, оның ішінде 47 монографияның, 22 оқулықтар мен оқу құралдарының, 23 аналитикалық шолулар мен анықтамалық басылымдардың авторы. Ғалымның экономика, менеджмент және басқа да білім бағдарламаларында оқитын студенттер мен магистранттарға арналған оқулықтарында менеджменттің басқару ғылымы мен практикасы және өнері ретіндегі барлық негізгі қағидалары келтіріліп, басқару ісінде қолданылатын ғылыми тәсілдері жан-жақты және егжей-тегжейлі сараланып көрсетілген.

Р.Кареновтің қазақ елінің ұлы ойшылдары мен ғалымдарына, Алаш зиялыларына, қазақ батырлары мен қоғам қайраткерлеріне, қазақ руларының шежірелеріне арналған 40-қа жуық кітаптары өз алдына бір дүние.

Талантты ғалымның жетекшілігімен 50-ге тарта ғалым докторлары мен ғалым кандидаттары даярланды. Атқарған ұшан-теңіз еңбегі бағаланып, екі рет Ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері атанды. Ұзақ жылғы ұстаздық, ғылыми және қоғамдық еңбегі үшін Р.Каренов «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «ЖОО үздік оқытушысы» Мемлекеттік гранты иегері атағымен, көптеген медальдармен марапатталды.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы, экономика факультетінің, менеджмент кафедрасының ұжымы марқұмның отбасы мен туысқандарына қайғырып көңіл айтады.

Рашит Саттарұлының жарқын бейнесі біздің есімізде мәңгілік қалады.

Академик Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті ұжымы

№681



● МӘСЕЛЕ

Қарағандыға Self storage қашан келеді?

Жұрттың бәрі зәулім үйде тұрмайтыны анық. Әркімнің қаржылық әлеуетіне қарай баспанасы бар. Соңғы кездері Қарағандыда тұрғын үй салу қарқыны белең алғаннан бері, халықтың жаңа баспанаға сұранысы арта бастады. Баспана құрылысы іркілмесе, болашақта халықтың көшу үдерісінде тоқтау болмасы анық. Осындайда бір жәйт еріксіз еске түседі. Бүгінде көшуге әзірленіп жатқан таныстарымыз бен тар пәтерде тұратын қалалықтардан «Жеке қоймам болса ғой!» деген ой-арман ұшқынын аңғара бастадық. Шынымен де, қазір халықтың қоймаға деген сұранысы күннен-күнге өсіп келеді. Бұл түйткіл әрқайсымыздың алдымыздан шығатын мұқтаж дүниеге айналғандай.

– Екі баламен аядай бір бөлемелі пәтерде тұрып жатырмыз. Дүкеннен ұн, күріш, макарон өнімдерін қапшықпен алайын десем, ас үйде айналатын жер қалмайды. Түнеукүні, несиеге кір жуатын машина сатып алдық. Бұрынғысын жөндеп сатуды жоспарлаған едік. Бірақ жаңасы сыймайтын болған соң, амалсыз қоқысқа тастауға тура келді. Маусымдық киім-кешектеріміз бен балалардың ойыншықтарын, артық төсек-орындарды көршіміздің қоймасына қойдық. Құнды нәрсеңнің сапалы сақталғанына не жетеді! Десек те, дүние- мүліктерімізге қауіпсіз жер тапқанымызға қуанып отырмыз, – дейді Ә.Бөкейхан ауданының тұрғыны Ырысжан Мақан.

Сурет ашық дереккөзден

– Кеше екі бөлмелі пәтерімді саттым. Жаңа қожайындарға қаңтардың басында үйді босатып беруім керек. Енді, сынсыған дүние-мүлкімді уақытша сақтайтын ғимарат таппай бас қатырудамын. Туған-туыстарым өздерінің артық заттарын қайда орналастырарын білмей отыр. Жекеменшік үйде тұратын танысымыздың қоймасы бос емес екен. Айналамнан қоймасы бар тұрғындарды іздеп таппай жүрмін, – дейді тығырыққа тірелген қала тұрғыны Лиза Айтбай.

Жарты миллион халқы бар Қарағандыға қоғамдық қойма керек-ақ! Облыс орталығында осындай қоймалар салынса, тұтынушылар қатары күн сайын көбейетініне дау жоқ. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде мыңдаған, ал Қазақстанда екі қоймасын тұрғызған ZipWarehouse компаниясының өкілдері Алматыда қызметтің бұл түріне сұраныс өте жоғары екенін айтады.

Оңтүстік өңірдегі ірі мегаполисте қойма ашу ісі 2018 жылдан бастап қолға алынған. Дегенмен, қарасы әлі жүзге жете қоймаған. Астанада жеке және заңды тұлғалардың заттарын қабылдайтын қоймалар енді пайда бола бастады. Отандық қаржыгерлердің пікірінше, ірі бокс контейнерлердің жетіспеуі нарықтың дамуын тежейтін фактордың біріне айналып отыр.

Қазақстандық ORDA INVEST корпорациясы мен ZipSklad біріккен серіктестігі келешекте Астанада осындай жылжымайтын мүлік кешендерін дамытуды көздеп отыр.

– Біздің клиенттер тұрғын үй кешендерінің қолайлы ортасын қалыптастырады. Аталған жоба бағамы жылжымайтын мүліктің басқа түрлеріне қарағанда айтарлықтай төмен. Ал, ол өз кезегінде рентабельдің жоғары екенін айғақтайды, – деп мәлімдеді, «Курсив» басылымына берген сұқбатында ORDA INVEST өкілі Уәлихан Малғаждаров.

Таныс та, бейтаныс заманауи қызмет түрі бізге жаңа келіп жатқанда, АҚШ пен Еуропада бұл ивестиция дамудың даңғыл жолына көтерілген. Америкада жеке қоймалар ісі жарты ғасыр бұрын бастау алған. Тарихы 1980 жылы қалыптасқан Self storage XXI ғасырда жаһан жұртына кеңінен танымал ірі индустрияға айналып отыр. Оның аумағы – ауқымды, алып қойма кешендерінің қызмет аясы кең. Тұрғындар бұл жерге маусымдық киім-кешектерін, жөндеу жабдықтарын, бағалы жиһаздарын, тіпті қымбат көліктерін де, батыл түрде әкеп тапсырады. Тұтынушылар осы арадан шағын қоймалар алып, жеке мүліктерін қысқа немесе ұзақ мерзімге сақтау мүмкіндігіне ие. Тұтынушылар жалға алған контейнерге жеке құлыптарын әкеп орнатады. Кешен қызметкерлері мұндай клиенттердің мүліктерін өздеріне тапсырған.

Айтпақшы, АҚШ-та қойманың жалдамалы құны 450-500$ тұрады. Еуропада да тариф осындай шамада. Кез келген бизнес пайда табуды діттейтіні анық. Американдық сарапшылардың айтуынша, батыста қойма бизнесінен түсетін жылдық табыс көлемі 21 млрд.долларды құрайды. Есесіне, клиенттерге көрсетілетін кепілдендірілген сапалы қызметтің тетігі көп. Еске салатын бір жәйт, біз мысал еткен мемлекеттерде қойма кешендер мен бокс-контейнерлер қаладағы инфрақұрылымы талапқа сай аудандарда орналасқан. Бұл тасымал қызметіне жүгінетін тұрғындарға жасалған үлкен мүмкіндік екені айтпаса да түсінікті.

Америкадағыдай заманауи қоймалардың шағын нұсқасы біздің қаламызда салынса, халықтың қажеттілігі ашылар еді. Жаңа логистикалық қызмет елдің мүлкін сақтап қана қоймай, болашақта бұл ара әлеуметтік жағдайы осал отбасыларға береке көзі әрі қайырымдылық шараларға бастау болатын әмбебап кешенге айналмасына кім кепіл? Ендеше, кеншілер шаһарынан жекеменшік қоймалар мен бокс-контейнер салуға не кедергі?

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

● ЕЛ ҚОРҒАНЫ

400 сарбаз сапқа тұрды

Еліміздің әр өңірінен Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылған 400 жас сарбаз өткен жексенбіде Қарағандыға келіп жетті. Олар жауынгерлік міндетін 6505 әскери бөлімінде өтейді.

Әскерге жаңа түскен сарбаздар екі айлық курста мылтық атудың әдістеріне үйреніп, түрлі оқу-жаттығу сабақтарынан дәріс алады және әскери дағдыларын шыңдайды.

– Қарағандыдағы 6505 әскери бөлімінің сарбаздарды тәрбиелеуде тәжірибесі мол. 60 жылдан астам тарихы бар құрылым сапалы әскери қызметшілерді дайындауда ілгері тұр. Бұл ұжым Қазақстандағы ең ірі конвой бригадасы саналады, – деп мәлімдеді Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы Сакентай Шекарбеков.

Екі айлық курсты аяқтаған сарбаздар салтанатты түрде әскери ант қабылдап, одан әрі заң талабына сай негізгі міндеттерін атқаруға кіріседі.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

Сурет Ұлттық Ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметінен алынды

ТОО «Деметра-2005» уведомляет о своей реорганизации путем выделения из ТОО «Деметра-2005» БИН 040740006586, ТОО «Адрастея» претензии принимаются по адресу КАЗАХСТАН, КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, АБАЙСКИЙ РАЙОН, ГОРОД АБАЙ, УЛИЦА ЭНГЕЛЬСА, дом 24, оф. 12, почтовый индекс 100101

PR

● БӘРЕКЕЛДІ!

Тіл сақшысы тұғырда

Астанада Тәуелсіздік күні қарсаңында Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылған «Ең сауатты жарнама – тіл абыройы» республикалық байқауы өтті. Байқаудың I орын жүлдесін қарағандылық Эльмира Орынбаева иеленді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл байқаудың бұрынғылардан ерекшелігі бар. Мұндағы басты мақсат – ана тіл, яғни, мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды қамтамасыз ету, тіл мәдениетін жетілдіру, мемлекеттік тілде көрнекі ақпаратты сауатты ресімдеу, сондай-ақ, осы мәселелердің басы-қасында жүрген қазақстандықтарды қолдау және ынталандыру.

– Керек құжаттарды жинауға бізге тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, оның ішінде, ресурстық Тіл орталығының мамандары барынша көмектесті. Қатысушылар арасында менің портфолиом ауқымды болды. Жалпы, менің жасаған жұмысымның нәтижесі 56 беттен тұрады. Біздің Қарағанды өлкесін республика деңгейінде таныстыру мен үшін зор мәртебе. Шараны ұйымдастырушылар атап өткендей, Қарағанды облысы – мемлекеттік тілді дамытуда үздіктердің бірі. Тұтынушылар мен кәсіпкерлерге дұрыс ақпаратты жеткізу үшін жарнамаға қатысты көптеген жобаларға қатысамын. Жастарды да осындай жобаларға қатысуға шақырғым келеді. Біздің жұмыс мұнымен шектелмек емес. Өз елімізде мәдениет те, қызмет те, жұмыс та тек мемлекеттік тілдің айналасында өрбуі тиіс, – дейді Эльмира Орынбаева.

Байқаудың алғашқы кезеңі облыстық деңгейде өтті. Осылайша екіншісі кезеңге еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған қатысушылар арасынан 14 қатысушы шықты. Оның сегізі үміткер деп танылды. Жүлдегерлерді атап өтсек, II орынды Қайыр Біржан және Лидия Финько алды. Ал, III орын Ардақ Нұрғазина, Салтанат Байжанова, Жадыра Төлееваға бұйырды.

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Саябақ салтанаты

Қарағандының орталық саябағы жаңа жыл қарсаңында биылғы жылды қорытындылады. 2023 жылы кеншілер шаһарының ең танымал саябағы 177 іс-шара өткізіпті. Шығармашылық кездесулерге қаланың 200 мыңнан астам тұрғыны мен қонақтары қатысқан.

Жыл бойы демалыс паркінде барлық мереке дүбірлеп өтті. Әсіресе, жаз мезгілінде адамдар қарасы қалың болды. Қала тұрғындары үшін шығармашылық кештер ұйымдастырылып, оған жергілікті театр ұжымдары атсалысты. Жұмыс күндері мен демалыс күндері спорттық жарыстар мен фестивальдар ұйымдастырылды. Саябаққа келушілерге аллеяларда жас ақындар мен музыканттар өз өнерін көрсетті.

«Біз қарағандылықтарды ән-бимен, көрмелер һәм құдіретті поэзияның сиқырымен, музыкалық, спорттық және басқа да шығармашылық нөмірлерімен қуантқан дарынды жерлестерімізге алғыс білдіреміз. Саябақтағы демалысты есте қаларлықтай болуына үлес қосқан әрбір жанға рақмет!» – деді Орталық саябақтың басшылығы Instagram парақшасында.

Желтоқсан айының соңына қарай мұнда мұз айдыны қайтадан жұмыс істей бастайтынын айта кеткен жөн. Сондықтан, ұжым тұрғындардан ресми ашылуды күтуді сұрайды.

Өз тілшіміздің

Ұлт рухына ескерткіш

(Соңы. Басы 1-бетте).

Поэманы оқығанда Жұбанға әркім-ақ: «Сен қазақсың, сен шын ақынсың, азаматсың» деп тұратындай» депті Жайық Бектұров.

«Ақынды заман туғызады» деген қағида бар. Яғни, Жұбан ақын өзіне жүктелген миссияны уақытылы атқара білді. Поэма өткен ғасырдың 1970 жылдары тың көтерілген облыстардағы қазақша жер аттары орысшаға ауысып, 700-ден астам қазақ мектептері жабылып, оңтүстіктегі екі аудан Өзбекстанға беріліп, Қазақстанның біртұтастығы мен ана тіліне, яғни, ұлт болашағына қауіп төнген кезде ұлттық рухты көтеру мақсатында тоталитарлық жүйенің саясатына қарсылықтан туған.

Шығармада сол дәуірдің талабы мен сұранысы сақталған. Күн көсемді кездестіресіз. Тағы бір айта кетерлігі, мұнда бүгінгі күннің талабымен үндес Қазақстандағы өзге этностардың теңдігі де жырланады. Отан – ортақ, жер – ортақ. Демек, ақын өткенін өшпестей тасқа басу үшін заман талабын да ескерген. Ешкімді алалаған жоқ. Бірақ, басты мақсаты – ұлт рухын ояту жолындағы күрестен бас тартпады. Мұратына жетті. Әр тараудың басында «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» дегенді қайталап отыруы негізгі миссиядан айнымау, ұлы мұрат жолындағы ақын жүректің бұлқынысы деп ұқтық. Он тараудың әрқайсысы қазақ халқының тарихының белгілі бір кезеңіне негізделген.

Қадір Мырзалиев поэмаға «Лирикалық-публицистикалық стилде жазылған поэма» деп баға беріпті.

Дастанда Шыңғыс хан, Жошы хан, Асан қайғы, Абылай хан, Жәңгір, Кенесары, Исатай, Махамбет Өтемісұлы, Шоқан Уәлиханов , Абай Құнанбаев, Біржан сал, Күләш Бәйсейітова, Сәкен Сейфуллин, Жамбыл Жабаев, Қаныш Сәтбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров сынды тұлғаларды кездестіресіз.

Ал, Ақтабан шұбырынды, Патшалы Ресейдің қазақ даласын отарлау саясаты, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалыс, Кеңес үкіметінің орнауы, қазақ даласында өндіріс-кен орындарының ашылуы, Ұлы Отан соғысы, ғылым жетістіктері рет-ретімен қамтылған. «Ұлы аманат етейік еркіндікті, ел құлдықты білмесін, жер күндікті. Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең, «Қазақ болу – зор бақыт» дер күн тіпті...» деп азаттықты аңсайды, ол күннің туарына сенеді. Бұл ақынның көрегендігін аңғартады.

«Жұбан поэзияда оңай жолды іздемейтін, өз творчествосына барынша қатал, жалпы қазақ әдебиеті алдындағы жауапкершілікті айнытпай ту етіп көтерген қалам қайраткері» Сафуан Шаймерденов сөзі де қорытындыдай естіледі.

Ал, жетпісінші жылдары жазылған поэма неліктен Желтоқсан оқиғасы кезінде кең тарады. Өйткені, ұлт зиялыларынан Колбиннің алдында қасқайып сөйлеп, алаңдағы соққыға жығылған, құқығы тапталған қазақ жастарын қорғап сөйлеуге батылы жеткен санаулы тұлғалар қатарында Жұбан Молдағалиев тұрды. Бірден-бір қарсылық танытқан тұлға десек те, артық айтқандық емес.

Шындығында да, Жұбан аға айтарын түгел айтты да: «Я не могу быть вашим сторонникам!» – деп, ақырын басып, мінберден түсіп кетті. Залда отырғандар сілтідей тынды да қалды. Не қол соға алмайды, барлығы тек іштей құптағаннан басқа еш әрекетке бара алмады. Өйткені, бір-бір құқық қорғаушы барлығымыздың желкемізден төніп тұрған-ды. Бірақ бір кезде залдағы тыныштықты аяқ тарсылы басып кетті. Қол соға алмаған әлеумет аяқтарымен жер тепкілеген. Құдды бір залдағылардың ішінде Жұбан – бөрі, біз – қояндардаймыз...» депті Ақуштап Бақтыгереева.

«Алаңда қыздарымның шашын жұлып, ұлдарымды дубинкамен бастан ұрып, алаң қызыл ала қанға боялғанын көргенде мен – Ұлы Отан соғысының ардагері, окопта мұз төсеніп, қар жастанған қарт солдат, мына сорақы сұмдықты көзіммен көргенше сол қанды майданда неге қаза тауып, мәңгі қайтпай қалмадым деп, осы күнді көргеніме өкіндім» деген сөзді айту үшін үлкен жүрек керек...

«Жұмыр жердің бетіндегі қай қазақ «Мен – қазақпын!» деп айтпады дейсіз. Бірақ Жұбағаңның «Мен – қазақпын!» дегені жинақталып келіп, қорғасындай құйыла қалғандай болып тұр. Жұбан ағам 23 жасында «Қазақ» дейтін өлең жазса, 44 жасында «Мен – қазақпын!» деген поэмасын жазды. Бүкіл өмірін осы арнаға салып кеткен адам ғой. Кейбір ақындарымыздың өмірі басқа, өлеңі басқа ғой...» дейді Маралтай Райымбекұлы бір сұхбатында.

– Қадыр Мырза Әлі ақын «Иірім» кітабында: «Өлгеніне емес, өліміне сенбеймін. Оның ауруы аяқ асты өле салатын ауру болмайтын...» деп жазады.

Ал, ақынның жары София Молдағалиева: «Оған да нақты дәлел керек. Жұбан ауырды. Бауырынан артық ет тауыпты. Жұбақаңды академик Мұхтар Әлиев қарап жүрді. Сол кісі «анализ алайық» деп шақырған. Анализ алған кезде әлдебір қате болып, іштен қан кеткен дейді. Қайдан білейін енді? Ешкімге жала жаба алмайсың ғой. Жұбаған сол іштен қан кетуден көз жұмды. Қан тоқтамаған. Ауруханаға өз аяғымен барды, сүйегі шықты...» депті ақын Шерхан Талапқа берген бірсұхбатында.

«Мен – қазақпын!» деп қылышынан қан тамған қиын-қыстау кезеңде Жұбан ақын айта алды. Осы туындыны жаттап өскен ұрпақ Желтоқсан көтерілісінде жатқа оқып, рухын жаныды, намысын қайрады. Өміршең туынды ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, буын-буын жастарды патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеп келеді. Жоғарыдағы пікірлерден Жұбан ақынның сөзі мен ісінің бірдей екенін азаматтықтың асқан үлгісін көрсете білген біртуар тұлға екеніне көз жетті. Мұнысын сол кезде кейбіреулердің ұнатпағаны сөзсіз. Елдің бәріне ұнау мүмкін емес. Айтарын айтты, жазарын жазды. Халқы осы жырды тұмар қылып, жүрегіне ілді. Эпик ақынның бірқатар поэмасынан осы туындыны таңдады қалың оқырманы.

«Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген, жөргегімде таныстым мұң тілімен» деп басталған шығарма «Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске, айта бергім келеді, айта бергім!» деп аяқталады. «Адам бір рет туылып, бір рет өлмей ме?» деген пікір поэманы толық оқымай, негізгі идеясының түйсіне алмағандардың айтып жүргені дер едік. Өйткені, қазіргі күннің өлшемімен қарасақ, заманауи оқырманның дастанды толық оқып шығуы қиын сияқты. Сылтау, қазір уақыт тапшылығы. Өмірлік мұратынан айнымау, қаламға адалдықтан тайқымау, сөз бен істің сәйкестігіне адал болуы Жұбан сынды батыр мінезді қайсар ақындарға бұйырған бақ. Келіспей көріңіз.

«Сөзбен де ескерткіш тұрғызуға болады екен. Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын!» поэмасы қазақтың рухына тұрғызған ескерткіш деп есептейміз» депті жазушы Жүсіпбек Қорғасбек. Біз де сөзімізді осылай аяқтағымыз келеді...

● ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Тәшенев жүлдесі тапсырылды

Дәстүрге айналған Жұмабек Тәшенев жүлдесі биыл да өз үздіктерін анықтады. Алғашқы да жылдың үздік ақынын ғана ардақтауды мақсат еткен игілікті шара қанатын кеңге жайды. Биыл он аталым бойынша үздіктерін үкіледі.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Достық үйінде өткен іс-шара шымылдығы Жұмабек Тәшенев жайлы қысқаша бейнефильммен түрілді.

Қарап отырсақ, осы бір жыл үздіктерін анықтайтын айтулы шараның Арқа жерінде ұйымдастырылып келе жатқанына он бес жылға жуықтапты. Дәстүрден жаңылмай, жыл өткен сайын түрленіп өтуіне айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов еңбек сіңіріп жүр. Ал, бұған жолынан жығылмай, жомарттық танытып, демеушілік көрсетіп жүрген алтын жүректі азамат, «Жыл меценаты» Сапар Ибкеевтің де атын атап өткеніміз жөн.

– Ел тонауға, жер талауға түскенде туған елі үшін астындағы тағын тәрк еткен текті тұлға, Алаш арыстарының аманатын орындаған Жұмабек Тәшенев болатын. Біз қаһарман ұлдың өнегелі істерін, қайраткерлік жолын, асыл мұрасын дәріптеу мақсатында жыл сайын өткізіп келеміз. Жастардың шығармашылығын шыңдап, оларға қамқорлық көрсетіп жүрміз. Және де елге адал еңбек етіп жүрген қоғам қайраткерлері мен белсенділерін марапаттап отырамыз, – дейді ұйымдастырушы Айтбай Ботпайұлы.

Кештің қадірлі қонағы, Ж.Тәшеневтен бата алған дәулескер күйші Мұхамеджан Тілеухан сахнаға көтеріліп, тұлға жайлы естелігімен бөлісіп, күй шертті. Мұхамеджан Қанайұлына, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінің деканы, доцент Елдос Ерғазыұлына және әнші Жанна Қуанышбекқызына облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов Алғыс хат табыстады.

Сонымен, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының директоры Құрман Қалымов «Жылдың үздік қайраткері» атанды. Аймақтық, республикалық жыр додаларында топ жарып жүрген жас талант Бекарыс Оспанов «Жылдың үздік айтыскер ақыны» номинациясымен марапатталды.

Қазақ поэзиясында айшықты қолтаңбасы бар Серік Сағынтай «Жылдың үздік ақыны» аталымында үкіленді. «Жылдың үздік қаламгері» номинациясында Ернар Кейкин, «Ғылым мен білімге және ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегі үшін» Рашит Каренов құрметке бөленді. «Оқу-ағарту және ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегі үшін» терең тарихшы Тұңғышбай Мұқан марапатталды.

«Жылдың үздік мәдениет және өнер қайраткері» Сәуле Шибаева, «Жылдың үздік тілшісі» Жаңабек Нар, «Жылдың атымтай жомарты» Арман Абеуов, «Жылдың үздік белсендісі» номинациясымен Ернат Мәлсұлы атанды. Жыл үздіктеріне арнайы диплом мен қаржылай сыйлық табысталды.

Марапаттау рәсімінен соң Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі әнші Досымжан Таңатаров әннен шашу шашты.

Газеттің келесі саны 21 желтоқсан, бейсенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактордың м.а. – **Қ.А. АЙТЖАН**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 395

№ 141 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**